

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық ұйымдары қызметін  
ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар**

**Астана – 2014**

**Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық ұйымдары қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтар** (әдістемелік нұсқаулар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014., - 220 бет.

**Құрастырушы:**

Дмитриенко Елена Александровна – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК әдіскері, Қазақстандағы балалар қоғамдық қозғалысының үйлестірушісі.

**Рецензенттер:**

**Тесленко А.Н.** - педагогика ғылымдарының докторы, социология ғылымдарының докторы;

**Оспанова Я.Н.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Астана қ. Еуразиялық гуманитарлық институтының тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының  
әдістемелік кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған  
(№2 Хаттама 2014 жылғы 5 наурыз)*

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5
1 тарау. Қазақстанның балалар қозғалысы: реформалау мәселелері	9
2 тарау. Балалар қоғамдық ұйымдарының дамуы мен қызмет етуі бағытындағы қосымша білім беру жүйесінің рөлі	15
3 тарау. Балалар қоғамдық ұйымдарының мәні мен өміршеңдігінің диалектикасы – ұйымдастырушылық-педагогикалық проблема ретінде	17
4 тарау. Балалар қоғамдық ұйымдары – әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде	24
5 тарау. Балалар ұйымдарын модельдеудің әдістемесі мен әдіснамасы	34
6 тарау. Балалар қоғамдық ұйымдарының тәрбиелік әлеуеті – әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде	41
7 тарау. Балалар қоғамдық бірлестіктерінің тұрпаттамасы	49
Қорытынды	68
Қосымша №1	70
Қосымша №2	80
Қосымша №3	96
Қосымша №4	100
Қосымша №5	103
Қосымша №6	105
Балалар қоғамдық қозғалысын ұйымдастырушыларға көмекке арналған әдебиеттер	106

## Кіріспе

### Қымбатты достар! Құрметті оқырмандар!

Осы әдістемелік нұсқаулық қазіргі кездегі балалар қоғамдық қозғалысының мәселелері қызықтыратын және балалар қоғамдық ұйымдарына кәсіби құзыреттілік позициясы бойынша достық принципінің «зиян келтірме» позициясы негізінде қолдау көрсететіндердің барлығына бағытталған.

Білім беру ұйымдарында, сонымен қатар басқа да әлеуметтік жағдайда қызмет жасайтын балалар қоғамдық бірлестіктерін ұйымдастырушылық - идеологиялық және технологиялық қолдаудың әдістеме негіздерін меңгеруде сәттілік тілейміз!

Балалық шақ қоғам өмірінде өзінің қиын ұйымдастырушылығы, динамикасы, көп функционалды организм ретінде өзіндік ерекшелігімен, үздіксіз дамитын мәнді ядро, әлеуметтік мәдени прогресстің катализаторы, өркениеттің генофонды болып табылады. Балалардың қоғамдық амандығы белгілі бір социумның, нақты деңгейлердің, адамзат дамуының жақындағы болашағы мен одан әрі перспективасының сапалы жағдайларының күшті индикаторы.

Балалар қоғамдық қозғалысы әрқашан көп жүзді, әртүрлі. Ол балалардың әлеуметтік субъект ретіндегі қоғамдық болмыстың айнасы болып табылады. Біз адамзаттың жас өскіндерін тәрбиелеу, оқыту, білім берудің құнды нәтижелілігі тікелей балалардың әлеуметтік жағдайына, әр нақты балаға тәуелді.

Шын мәнінде мақсаты, міндеті, ұйымдастыру формасы, балалар қоғамдық бастамаларының жұмыс мазмұны мен әдістерінің әртүрлілігі бойынша балалар қоғамдық қозғалысының педагогикалық құндылығы сөзсіз. Бұл құндылық ең бастысы тәрбиелілік көзқарас бойынша қазіргі кездегі қоғамға, соның ішінде қазіргі кездегі Қазақстан қоғамына балалардың әлеуметтенуімен мәнді.

Бұл бірегей әлеуметтік педагогикалық феноменнің тәрбиелік маңыздылығы қоғам мен баланың (адамның) өзара әлеуметтік дамуы мәдениет құрушы көзқарас бойынша жеке дара және қоғамдық өзіндік құндылығы деңгейінің жоғарылығымен негізделеді.

Бізді қызықтырып отырған әлеуметтік-педагогикалық құбылыстың табиғатын ашу қазіргі кездегі мемлекет пен қоғам өмірі, нақты бір социумның шын мәнінде балалар қоғамдық ұйымдарының өмір сүруінің әдістерін зерттеумен байланысты.

Қазіргі таңда Қазақстандағы балалар қозғалысы республикалық ресми деңгейде, республикалық заңды статуска ие бастамалар мынадай:

- 2011 жылы Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен, биік азаматтық жауапкершілік пен жас қазақстандықтарды, ұйым мүшелерін белсенді өмірді қалыптастыру жолы арқылы Қазақстан балаларын біріңғай

патриотизм, рухани -адамгершілік мәдениет платформасына біріктіру мақсатында құрылған **«Жас Ұлан» Республикалық Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы»;**

- **«Атамекен»** қоғамдық қозғалысы, 1992 жылы Қазақстан балалар мен пионерлер ұйымдары Одағының слетінде қабылданып, бірнеше рет Қазақстандағы білім беру ұйымдарының практикасына енгізуге ҚР Білім және ғылым министрлігімен мақұлданып ұсынылған М.Құрсабаевтың республикалық авторлық бағдарламасы негізінде іске асырылады. Мақсаты-Отансүйгіштікке, қазақ мемлекетінің тарихын, дәстүрін, мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу, жастарды рухани - адамгершілік құндылықтар мен азаматтық патриотизм негізінде әлеуметтік белсенділігін дамыту болып табылады;

- **«Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы»** қоғамдық бірлестігі, 1992 жылы Қазақстан балалар мен пионерлер ұйымдары Одағының слетінде қабылданып, бірнеше рет Қазақстандағы білім беру ұйымдарының практикасына енгізуге ҚР Білім және ғылым министрлігімен мақұлданып ұсынылған, 2001 жылы енгізілген, Е.Дмитриенконың авторлық бағдарламасы негізінде іске асырылады. Балалар қоғамдық қозғалысының теориясы мен практикасына дамуына үлес қосқаны үшін Халықаралық балалар қоғамдық қозғалысының зерттеушілер Ассоциациясының Алтын патенті.

Ұйым балалық шақ, Отан, Мейірімділік пен Әділеттілік игілігіне жауапты қызмет ету принципі бойынша еркін және ашық түрде әртүрлі балалар қоғамдық бастамалары, балалар, жастар мен ересектер, соның ішінде ата -аналар, педагогтар, тәлімгерлер, координаторлар, балалар қозғалысының волонтерлерін біріктіреді. Басты мақсаты 1989 жылы Қазақстан Республикасында қабылданған БҰҰ Балалар құқығын қорғау Конвенциясының негізгі ережелеріне сәйкес әрбір баланың әлеуметтік статусы мен жеке дара мүмкіндігі, жетістігіне тәуелсіз жақындағы социумға, қоғам мен мемлекет өміріне табысты қатысуына ықпал жасау болып табылады;

- **«Жас көшбасшылар Ассоциациясы»** қоғамдық бірлестігі, аймақтық және республикалық деңгейде көшбасшылар мектебі қызметін ұйымдастыруда мол тәжірибесі бар, балалар мен жастар қозғалысының көшбасшыларының қызметін ұйымдастырудың халықаралық принциптері негізінде іске асырылып келеді;

- **«Қазақстан скауттерінің Одағы»** қоғамдық бірлестігі, халықаралық және республикалық жас скауттер бағдарламасының негізінде Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарында жұмыс істейді. Атақты павлодарлық педагог-ұйымдастырушы, Халықаралық скауттер қозғалысының мүшесі В. Деймундтың бастамасы негізінде құрылған.

Жоғарыда көрсетілгендермен қатар, республикалық статуска ие тағы да басқа профильдік бағыттағы балалар қоғамдық бірлестіктері бар.

Жоғарыда айтылған республикалық балалар қозғалысы мен бірлестіктерінің табысты дамуы мен оң тәжірибесін есепке алатын болсақ,

қазіргі кезеңдегі қоғамдық дамудың деңгейі біркелкі екенін мойындауымыз қажет. Ол шын мәнінде әртүрлі қалыптасу бастамалары ретінде көрінеді: топтаулар, топтар, компаниялар, клубтар, бірлестіктер, қоғамдастықтар, жүйелер, яғни сол социумдағы жастардың қызығушылықтарын қолдайтын белгілі бір формальді және формальді емес құрылымдар.

Осылардың ішінде өзінің әртүрлі қызмет бағыттарымен балалар бірлестіктері де бар: ересектердің бастамалары негізінде балалардың қызығушылығы мен педагогикалық мақсаттылықты есепке ала отырып ұйымдастырылған көшбасшылар, патриоттық, өлкетанушылар, волонтерлік, пионерлік, скауттік, спорттық, туристік, шығармашылық және т.б.

Қоғамдық бастамалар балаларды өте қызықтырады. Біріншіден балаларды сүйетін, екіншіден өз ісінің шеберлері, кәсіби мамандар ересек адамдар қатысатын балалар ұйымының қызметінің әлеуметтік мәдени бағыттылығын атап өткен жөн.

Формальді емес топтар, бірлестіктердің өміріне де ересек қатысатынын мойындауымыз қажет. Өкінішке орай, ересек адамдар көшбасшылары балаларды деструктивті, анти әлеуметтік әрекетке бағыттай отырып, өздерінің тәрбиеленушілерінің тұлғалық қалыптасуына орын толмас зиянын тигізеді.

Біздің ғылыми-әдістемелік, педагогикалық қызығушылығымыз жеткілікті беделді табиғи қоғамдық тәрбиелеу институттары сияқты балалар қоғамдық ұйымдарына жинақталған. Біз балалар қоғамдық қозғалысына барынша қызықтыратын, күзиретті ересектердің қатысуы міндетті екеніне сенімдіміз. Қоғамдық ұйымдар арнайы, сонымен қатар мемлекеттің, қоғамның арнайы қолдауын қажет етеді.

Қазіргі кездегі балалар қоғамдық қозғалысының ұйымдастырушылық сұрақтары қызықтыратын тәлімгерлерге, педагогтарға, ата-аналарға, барлық ересектерге арналған осы әдістемелік құралда, біз Қазақстандағы балалар қоғамдық ұйымдарының осы күнге дейінгі тәжірибесі негізінде тәрбиелік әлеуетінің табысты іске асуы мен құрылуының негізгі технологиялық аспектілерін қарастырамыз.

Дәл осы балалар қоғамдық ұйымының тәрбиелік (мәдениет құрушы) әлеуеті, олардың өмірлік әрекетінің мәнді негізі секілді, тіршілік тынысы мен даму негізінде ересектердің педагогикалық әрекетінің пәні болып табылады. Мәнділік (потенциал) пен тіршілік тынысының диалектикасын ашу (өзін-өзі қалыптастыру) мықты әдіснамалық және теориялық негіздеу мен соған сәйкес ізденушілік -технологиялық қамтамасыз ету шарты орындалғанда ғана мүмкін.

**Құрметпен, Елена Дмитриенко**

## **Тарау 1. Қазақстандағы балалар қозғалысы: реформалау мәселелері**

Балаларды өз елінің нағыз патриоты, тәуелсіз Қазақстанның лайықты азаматы етіп тәрбиелеу – бірінші кезектегі мемлекеттік маңызды іс. Міне осы себептен, еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» Халық Демократиялық партиясының XIII съезінде тиімді балалар қозғалысының тиімді моделін, «Жас қыран» балалар және «Жас Ұлан» жастар ұйымдарын құруды тапсырған болатын.

Балаларды мемлекет пен қоғам өміріне қатыстыру құқығы лайықты өмірдің және БҰҰ Балалар құқығын қорғау Конвенциясында толыққанды дамуының маңызды шарты болып бекітіліп, Қазақстан Республикасында табысты іске асырылып келеді.

Қазақстанда балалар қоғамдық қозғалысы көпшілікте жалпы білім беретін мектептерде және басқа да білім беру ұйымдарының базасында әртүрлі балалар қоғамдық бірлестіктері ретінде көрсетілген. Балалар қоғамдық қозғалысының аймақтағы ұйымдастырушылық-әдістемелік орталықтары болып Балалар шығармашылық үйлері мен сарайлары болып табылады. Балалар қоғамдық бірлестіктері мен балалар әлеуметтік бастамаларының қызметін басқару мен үйлестіру аудандық, қалалық, облыстық білім беру басқармаларына жүктелген.

Балалар қоғамдық қозғалысы бойынша уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі болып келеді.

Бірінші реттік балалар бірлестіктерінің мақсаты, міндеттерінің мазмұнын нақтылау, оларды әдістемелік және технологиялық қамтамасыз ету кадрдағы тәлімгерлер корпусымен (тәлімгер қызметі жалпы білім беретін мектептер мен интернат мекемелерінің типтік штаттық кестесінде көрсетілген), сонымен қатар әдіскерлер корпусымен (олардың рөлін қосымша білім беру ұйымдарындағы әртүрлі профильді балалар бастамаларының жетекшілері атқарады) іске асырылады.

Сайып келгенде, Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық ұйымдары ҚР Білім және ғылым министрлігі арқылы бірінші реттік және аймақтық бірлестіктерінің кепілді, тұрақты мемлекеттік қолдауы негізінде табысты іске асырылуда. Бірақ бұнымен қатар, қауіпті факторда кездеседі – балалар әлеуметтік бастамаларының дамуына теріс ықпалын тигізетін тым артық ұйымдастырылған педагогикалық қамқорлық пен балалар ұйымдарының қызметіне тәртіп орнату даму процесін тоқтатады.

Сонымен қатар, балалар бірлестіктері әлеуметтік статусына қарай қоғамдық құрулар болып табылады. Олардың қызметін Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты мен мемлекет пен қоғам өміріне араласу құқығы бар Концепциясы заңнамасы негізінде реттеліп отырады.

Осыдан, осы әлеуметтік-педагогикалық жүйе (балалар қозғалысы) барлық деңгейлерде шамамен өзіндік кәсіби басқару құрылымы бар, тұрақты дамуға тартылады.

Біздің елімізде осындай қоғамдық басқарудың жақсы тәжірибесі бар. Оны заңды статусы бар республикалық балалар ұйымдары, ересектер мен балалар қоғамдық коммерциялық емес бірлестіктеріне ортақ заңнамаға сәйкес қоғамдық коммерциялық емес бірлестіктер жүзеге асырады. Бірақ бұл факт өзінің жас ерекшелік және педагогикалық ерекшелігі күшіне қарамастан балалар бірлестіктері әлеуметтік мемлекеттің әртүрлі үкіметсіз құрылымдарына ақы төленетін әлеуметтік қызмет көрсету нарығында бәсекеге қабілетті бола алмайды.

Сол себептен де, балалар әлеуметтік бастамалары мен балалар қоғамдық ұйымдары нақты мақсаттылық бойынша қаржыланбайды. Бюджет нормативінде балалар әлеуметтік бастамалары мен балалар қоғамдық қозғалысын мемлекеттік қолдау көрсететін шығыс бөлімі қарастырылмаған. Оның ішіне барлығына мәлім, ірі «Қазақстан балалар ұйымының Одағы» (ҚБҰО), «Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының Одағы» қоғамдық бірлестігі («Жұлдыз» БҚҰО ҚБ), «Атамекен» қоғамдық қозғалысы, «Қазақстан скауттер Одағы».

Республикалық қоғамдық ұйымдар өз қызметін жарлық құжаттары, бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырады. Тұрақты қаржыландыру мәселесі өте қиын және қауіпті фактор болып саналады. Бұл ұйымдардың қаржыландыру көздері әртүрлі: ерікті жарналар, спонсорлық қолдау, донорлық ұйымдардың гранттары, әртүрлі әлеуметтік қызмет көрсетуге мемлекеттік тапсырыстар.

Осындай шарттарда Қазақстандағы пәні, жұмыс бағыты, формасы мен алғашқы, аймақтық және зоналық балалар қоғамдық қозғалысының қарқынды дамуы, қалыптасқан республикалық ұйымдар мемлекеттік қолдау көрсету концепциясын құрып, қабылдауды талап етіп отыр. Өйткені, осы көп қырлы әлеуметтік құбылыс демократиялық принцип пен құқықтық негізде дамиды. Онда өзінің идеологиялық платформасы, өзінің кадр корпусы, өзінің ақпараттық қамтамасыз етуі бар. Осы қоғамдық бірлестіктерде жеткіншектер бірінші азаматтық мектептен өтеді.

Жоғарыда көрсетілген балалар қоғамдық қозғалысының сөзсіз артықшылықтарын демократиялық принцип, өзіндік міндеттейтін ережелер мен әрекеттер іске асырады.

Көптеген балалар бірлестіктерінің идеологиялық бағыттылығы оның түрі, типі, қозғалыстың мазмұны мен бағытына тәуелсіз жеткілікті, анық тұрғыда патриоттық бағытта көрсетілген. Республикалық деңгейде, ҚР Білім және ғылым министрлігі қолдаған және табысты іске асырылып келе жатқан «Жұлдыз» және «Атамекен» бағдарламалары, Қазақстан скауттері халықаралық скаутинг стандарттарын Қазақстан жағдайына бейімдеп, жұмыс атқаруда.

Балалар әлеуметтік бастамаларының қарқынды өсуі, балалар ұйымдарындағы балалық шақ социокинетикасы, әлеуметтік жобалауды жете білетін кәсіби мамандармен қамтамасыз ету мәселесін өршіте түседі. Сәтті жұмыс атқара отырғанымызбен, білім беру ұйымдарындағы тәлімгерлер мен әдіскерлердің кәсібилігін, нақты балалар қоғамдық ұйымдарындағы қазіргі



кездегі жұмыс технологияларын меңгеру деңгейі саласында төмен. Ол бұрынғы пионерлер ұйымдары мен пионер қозғалыстары технологиялары негізінде жүзеге асып келеді. Бұған елімізде балалар қоғамдық қозғалысын дамытатын практикалық және арнайы ғылыми-әдістемелік орталық және қазіргі кездегі балалық шақ социокинетикасын ғылыми зерттеуге мемлекеттік тапсырыстың болмауы себеп болады.

Балалар қоғамдық қозғалысын ақпараттық қамтамасыз ету, айтылғандай, сол ұйымдардың өздері арқылы жүзеге асырылады. Ең көлемді медио кеңістік «Жұлдыз» БҚҰО ҚБ –де, онда ресми тіркелген жеті жеке дара балалар баспасы бар: «Бала және құқық» ғылыми-әдістемелік журналы, «ЖасStar», «Лидер плюс» жастар газеті, «Лидер» балалар газеті, «Педагогикалық хабаршы» педагогикалық қоғамға арналған газет, білім беру ұйымдарына арналған ақпараттық бюллетень мен екі портал [www.zhuldyz.kz](http://www.zhuldyz.kz) и [zhuldyz.akmoedu.kz](http://zhuldyz.akmoedu.kz). Республикалық деңгейде «Тату достар» газеті мен «Балдырған» және «Қазақстан балалары» журналдары шығарылады. Аймақтық деңгейде ережеге сай, сол аймақтағы балалар қозғалысының мәселесі көтерілетін балалар баспасы қаржыланады. Білім беру ұйымдарында мектеп газеттері шығарылып, оқушылар баспасөз орталықтары жұмыс істейді. Бірақ нақты балалар әлеуметтік бастамалары мен балалар қоғамдық қозғалысын ақпараттық тұрғыда қамтамасыз ету республикалық деңгейде қаржыландырылмайды.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер қазіргі кездегі Қазақстанда демократиялық тұрғыда қалыптасқан балалар қоғамдық қозғалысының мәні қазіргі кездегі құқықтық базаға сейкес келмеуімен негізделеді. Осы қарама қайшылықты шешу Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық қозғалысы мен балалар әлеуметтік бастамаларын мемлекеттік қолдау жөнінде заң құрап, қабылдау керектігін талап етіп отыр.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырысы бойынша «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» республикалық ұйымдарын құруды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің үйлестіруімен, қолдауымен жастар республикалық ұйымдары және «Нұр Отан» ХДП-нің «Жас Отан» жастар қанаты өз мойындарына алды.

2011 жылдың маусым айында ҚР Әділет министрлігі «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігін тіркеді. 2011 жылғы 1 қыркүйекте Астана қаласының жалпыға білім беретін мектебінде Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен осы ұйымның ашылуы өтті.

Еліміздің барлық табысты оқушыларын біріктіретін Қазақстан балалар ұйымдарының жаңа моделі іске қосылды. Келесі кезең осы моделді бірлесе отырып, «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің аймақтағы филиалдарын ашу үшін тарату мақсатына бағытталды. Филиалдар қызметін жаппай құқықтық және ұйымдастырушылық негізде реттейтін Ереже құрылады.

Осындай құжатты қабылдау демократиялық жағдайдағы балалар қоғамдық ұйымдары мен балалар әлеуметтік бастамаларының қызметін

нормативтік құқықтық мемлекеттік қолдау базасының болмауы қиындата түседі. Яғни балалар ұйымдары мен жаңа құрылатындар үшін де бұл толық қанды кадрлық, қаржылық, материалдық қамтамасыз етуді іске асыра алмайды.

Арнаулы заңсыз, әртүрлі балалар бірлестіктерінің қызметін реттейтін төтенше жағдайда тәжірибеде балалар ұйымдық құрылымының бірінғай моделін құру, мәні бойынша қоғамдық, бірақ факті бойынша барлық деңгейде, идеологиялық, декларативті емес, сонымен қатар қаржылық, базалық, кадрлық, ғылыми-әдістемелік тұрғыда мемлекетпен қорғалған Концепциялар, ережелер, уставтар, бағдарламалық құжаттар, технологиялар, қаншалықты қызықтырарлықтай, ізгілікті болғанымен, оларды іске асыру үшін қомақты материалдық, қаражаттық, кадрлық және арнайы ғылыми әдістемелік қамтамасыз етілуі қажет.

Қазақстан Республикасында бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жаңа моделін құра отырып, оның ұйымдастырушыларына міндетті түрде тәуелсіз Қазақстан мен ТМД елдерінің балалар қозғалысының жиырма жылдық тәжірибесінен сабақ ала отырып қателік жібермеуге тырысу қажет. Атап айтсақ:

1. ТМД елдерінің тәжірибесін есепке ала отырып, Қазақстандағы балалар қоғамдық қозғалысының бар әуелетін бұзбай, оны сақтап көбейту.

Не болсада, оларды елемей, таратып, немесе табысты жұмыс істейтін ұйымдарды мүлде жабуға болмайды. Ұйымды сенімді уәкілетті қоғамдық орган, мемлекеттік құрылым принципі бойынша, мысалға, республикалық, аймақтық құрылған балалар мен жастар ұйымдарының көзқарастары қарастырылатын, БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ)

2. Жаңа Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастырушылық мәселелерін ойластыра келе: атауы, статусы, мүшелері, формасы, символы, атрибуттары, шұғыл түрде оның кадр мәселелерін шешу қажет. Ол курстар, бөлімшелер мен факультеттер, кәсіби шеберлер мектептерін ашу ғана емес, сонымен қатар, балалар қозғалысын ұйымдастырушы мамандығының классификаторын, сәйкес оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендерді құрастыруды талап етеді. Қазіргі таңда қазақстандағы балалар қоғамдық қозғалысының біртұтас жүйесін құру мәселесін шешу үшін осылардың жоқтың қасы.

3. Қазақстандағы балалар қоғамдық қозғалысының концепциясын құрудың маңызды блогы болып, жаңа типтегі балалар ұйымдарын құрудың жеткілікті материалдық базасы құру болып табылады. Қазір балалар бірлестіктері, сонымен қатар, білім беру ұйымдарындағыларда да өзінің материалдық базасы жоқ.

4. Президент қойған мақсаттар мен міндеттерді шешуге уәкілетті жаңа үлгідегі республикалық бірыңғай ұйымды құру, ал бұл жаңа республикалық балалар ұйымдарының жеке меншік материалдық мәселелерін шешуді талап етеді.

Біздің көзқарасымыз бойынша ең жақсы шешім Астана қаласындағы барлық мәдениет орталықтарына арналған Бейбітшілік және келісім Сарайы

принципі бойынша, «Жас Ұлан» балалар қоғамдық ұйымдарының республикалық орталығын құру, оның филиалдары барлық аймақтардағы филиалдары мемлекеттік білім беру ұйымдарының базасында қызметі реттеліп отыратын арнайы Ереже негізінде жүзеге асырылады.

5. Шұғыл түрде балалар қоғамдық қозғалысының ғылыми мектебін ашуды белсендіру қажет. Дұрыс шешім болып, мысалға, Бурабай курорттық аймағындағы «Жұлдыз» балалар оқу -сауықтыру кешенінде жастар институты принципі бойынша балалық шақ социокинетика институтын (балалар қоғамдық қозғалысы институты) ашу болып табылады. Бұл үлкен қаржылық шығындар мен капиталдық салымдардың алдын алуға мүмкіндік береді.

6. Қазақстан балалар қоғамдық қозғалысына мемлекеттік қолдау көрсету концепциясының міндетті компоненті республикалық біріккен балалар-жасөспірімдер ұйымы жас қазақстандықтардың қалыптасуы мен азаматтық тәрбиесін мемлекет жүктеген орган статусы ретінде, міндетті түрде мемлекеттік тапсырыс формасында ертеректе құрылған «Жас гвардия» баспасына ұқсас арнайы медиа холдинг құру арқылы ақпараттық қамтамасыз ету.

7. Республикалық көлемдегі балалар қоғамдық ұйымдары қызметінің стратегиясы мен үйлестіруі үшін балалар қоғамдық қозғалысы мәселелері бойынша ведомство аралық эксперттік кеңес құрып, оған ресми статус берілуі қажет.

8. «Жас Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының жаңа ұсынылған символикасы демократиялық балалар қоғамдық қозғалысы жүйесінде жас қазақстандықтардың азаматтық қалыптасуына мемлекеттік қамқорлық көрсету ретінде көрініп, ешқашан басқа республикалық балалар құрамалының алғашқы, аймақтық символикаларын жою мен алмастырмауы тиіс.

9. Жаңа «Жас Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының төс белгілері, біздің көзқарасымыз бойынша барлық оқушыларға берілмей, балалар мен жастар қоғамдық қозғалысының дамуына ерекше үлес қосқаны үшін және де ол ерекше мерекелік күндерде, Мемлекеттік мерекелер күнінде куәлік бере отырып балалар мен жастарға табысталуы тиіс.

Ұсынылып отырған төс белгілер Қазақстан Республикасы балалар мен жастар қоғамдық қозғалысы жүйесінде Отан, Бейбітшілік пен Адамзат игілігіндегі ерекше жетістіктері мен нәтижелері үшін берілетін мемлекет пен қоғамның жоғары сыйлығына айналар еді.

10. Балалар ұйымдарының мүшелеріне күнделікті галстук тағып жүру артық. «Жас Ұланды» ұйымдастыру үшін Қазақстан балаларының қатысуында символдар, атрибуттарды нақты қандай жағдайда қолдану керектігін көрсететін арнайы ереже құру керек.

«Жас Ұлан» бастамасы бойынша ұйымдастырылған, республикалық акциялар, форумдар, басқа да іс -шараларды өткізген күні ғана жаңа республикалық ұйымның галстугі мен басқа да белгілерін киюді ұсынамыз.

11. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік шығыстарын бюджеттің жоспарлауында университеттің педагогикалық мамандықтарына, әлеуметтік жұмыс мамандықтарына, балалар бос уақытын ұйымдастырушыларға, психологтарға, заңгерлерге арналған Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық қозғалысын ұйымдастыру әдістемесі мен қолдау жөнінде оқу құралдарын құрастырып баспаға шығару үшін мемлекеттік тапсырыс енгізу қажет.

12. Мамандарды кәсіби дайындау бағдарламасына, балалармен жұмыс жасайтын гуманитарлық колледждер мен университеттерге міндеті түрде балалар мен жастар ұйымдарында кәсіби тәжірибе өтуді енгізу.

13. Мамандықтар классификаторына «балалар қоғамдық қозғалысын ұйымдастыру» мамандығын тиісті мамандық шифрі және барлық толық құжаттарымен енгізу.

Соңында шын жүректен барлық ХХІ ғасыр балалар қоғамдық қозғалысына, тәуелсіз және егемен Қазақстан мен ТМД елдерінің құрдастарына, 2012 жылы 90 жылдық мерейтойын атап өткен пионер қабылдағандарға балалық шақ әлеміне, тарихтың ізгілікті принципіне, демократия мен әлемдік адамзат мәдениетінің рухани-адамгершілік құндылықтарына мінсіз адал болуын тілеймін!

## **2. Балалар қоғамдық бірлестіктерін дамыту және оның қызметін үйлестірудегі қосымша білім жүйесінің рөлі**

Қазақстан Республикасының әрекеттегі заңнамасына (1 б. 11 т.) сәйкес қосымша білім – азаматтардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатымен барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асатын тәрбиелеу және оқыту үдерісі.

Жас азаматтардың білім алу қажеттіліктерін балалық шақта тұлғаның сәтті әлеуметтік қалыптасуының жетекші факторы ретінде қарастырса (балалық шақта адамның нақты адамгершілік болмысының бейнесін қалыптасуы), қосымша білім мемлекеттік білім мен тәрбие жүйесінде келесі атқарымды жүзеге асыруға бағытталған:

Қосымша бағдарламалар бойынша баланы *тереңдетіп немесе арнайы оқыту*, жаңа білім, дағды алу, мүмкіндіктерін дамыту;

- *тәрбие*: балаларды, нақты әр баланы оның тұлғалық және дербес әлеуеті негізінде мәдениетке тарту;

- *креативті*: балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау, дамыту және әр түрлі әлеуметтік деңгейлерде балалардың жетістіктерін мойындау мен бекітумен әр баланың тұлғалық әлеуетін сәтті жүзеге асыру үшін икемді жүйе мен шарттар құру;

- *өтемдік*: бала таңдаған қызмет саласында сәттілікке жетуге деген нақты кепілдік ұсыну;

- *үзіліс*(адамдар, балалар және үлкендер әлемі арасында әлеуметтік қатынастарды реттеу): эмоционалды қажу, жайсыздық, қолайсыздықты алу,

шығындалған күшті қалпына келтіру, психологиялық жеңілденуді, міндетті жағымды эмоционалды нәтежие болумен демалысты қамтамасыз етуге жағдай жасайтын толыққанды, қауіпсіз, психологиялық жағымды бос уақытын ұйымдастыру (гедонистическая функция).

- функция бос уақыт кезінде балалардың мазмұнды уақыт өткізуге себептес болатын демалыс, сауығу және әлеуметтік байланыстарды кеңейту, қатынас жасауды үйлестіретін іс-шараларды іске асыру арқылы жүзеге асады;

- мәдениет қағидаларын сақтай отырып, балалар қоғамдық өмірге қатысады, олар әр түрлі әлеуметтік бастамалар, жобалар арқылы қылықтардың жоғары түрлеріне жетеді, алл мәдени-бос уақыт қызмет, қатынас үзілістік форманы атқарады. Мәдениетті меңгере отырып, қағидалардан үлгіге өткенде, бала өзін өзі таниды, сәтті шығармашылық қызмет негізінде лайықты танымдылық алады;

- *кәсіптік бейімделу*: кәсіптік қызметтің әлеуметтік маңызды түрлеріне орнықты қызығушылық қалыптастыру, тұлғалық мүмкіндіктеріне, дербес қадыр-қасиетіне және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес кәсіпті саналы түрде таңдауға балаларды дайындау;

- *білім беруді біріктіру*: өз спецификасын ескере отырып, қатынастарды үйлестіру негізінде аймақтағы бірлескен білім алу кеңістігі жүйесінде сәтті қызмет ету;

- *әлеуметтену*: балалардың, әр бір баланың дербес әлеуеті, шығармашылық қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің сәтті іске асуының жүйесін құру арқылы өмірлік қажетті дағдыларды қалыптастыру және дамуына, меңгеруіне қолғабыс болу.

Бұл дағдылар баланың өзін тануға және өмірдің әлеуметтік және мәдени маңызды өмірлік салаларында қоғамдық танымдығына көмек береді.

Әлеуметтену функциясы білім берудің уәкілетті мемлекеттік органы ретінде ҚБ жүйесінің *өсіп келе жатқан ұрпақтың сәтті азаматтық қалыптасуы, оның дербес және қоғамдық деңгейде қызмет ететін және талап етілетін адамгершілік-рухани және әлеуметтік-мәдени әлеуетін қалыптастыруы үшін жауапкершілік* айқындамасы жағынан өте маңызды.

Осы көз-қарас бойынша мемлекеттік білім жүйесінің құрылымдық компоненті, барлық жүйе ретінде, қосымша білім *жетекші* болады, аса мемлекеттік маңыздылыққа дейін жоғарылайды және өсіп келе жатқан ұрпақтың білім беру үдерісінің азаматтық, адамгершілік-рухани, патриоттық және басқа да бағыттарында, әлеуметтік қалыптасуында стратегиялық факторы мағынасына ие болады.

Сондықтан да қосымша білім жүйесі арнайы білім берудің мемлекеттік институт ретінде *балалық әлеуметтік бастамаларын және балалар қоғамдық қозғалыстарын барлық түрінде жан-жақты қолдау функциясын жасау: мектептік өзіндік басқарудан, қызығушылықтар бойынша балалар*

*бірлестіктері, клубтық құрамалардан ресми заңды мәртебесі бар балалар қоғамдық бірлестіктеріне дейін.*

Осы ретте, осы қолдаудың жетекші бағыттары «Балалар құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясына және ҚР әрекеттегі Заңнамасына қайшы келетін тікелей басқарушылық пен директивті кірісу емес, шешім қабылдауда компетентті қолдау, компетентті жәрдемдесу, ең алдымен:

- БҚБ қызметі мен дамуының кадрлық қамтамасыздығының мәселелері қызметті іріктеу, орналастыру, үйлестіру, оларға кеңес беру, оқыту және біліктілігін арттыру көз-қарасынан;

- балалар шығармашылық және әлеуметтік маңызды бастамаларын, жобаларын, форумдарын, слеттерін *ақпараттық, бағдарламалық және технологиялық қолдауда жәрдемдесу;*

Ресми заңды мәртебесі жоқ, еріктілік, ашықтылық және балалар бастамалары негізінде істейтін бастаушы БҚБ қызмет ету орнын анықтау, мақсатқа лайықтылық, қауіпсіздік, ынғайлылық принципі бойынша тұрақты кеңістік орналасу мәселелерін шешуде жәрдемдесу.

Өзектілік, мақсатқа лайықтылық, ғылыми, тарихи, қисынды сабақтылық және БҚБ қызметінің ең үздік тәжірбиесі, балалар қоғамдық бірлестіктерінің жетістіктері мен аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейде келешекте даму принциптерінде *балалар қоғамдық бірлестігінің қызметін ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз ету;*

«Балалар құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы және ҚР әрекеттегі Заңнамасы негізінде білім жүйесінің даму келешегі және мемлекеттік жастар саясатын, ғылыми дәлелденген мәліметтерді ескере отырып үйлестіру, жан-жақты талдау және болжамдау.

### **Тарау 3. Балалар қоғамдық ұйымдарының мәні мен тіршілік тыныс диалектикасы ұйымдастырушы-педагогикалық мәселе ретінде**

Балалар бірлестігі – қоғамдық өмірден оңашаланбаған құбылыс, табиғи жаңа тенденциялардың толық көрінісі, озық тенденцияның, қоғамның алғышарттары болып табылады. Аталған үдеріске, әрине, үлкендер: ата-ана, достары, тәрбиеші, мұғалімдер, шәкірттері, мемлекеттік және қоғамдық қызметтерге мүдделі тұлғалар және т.б. ретінде қатысады.

Балалар табиғатының ерекшелігін анықтау, әрі баланың әлеуметтік жағдайы жақсы болу үшін келесі сұрақтарға жауап беру керек: «Балаға балалар бірлестігі не үшін қажет?», «Өз бетінше жұмыс істейтін балалар ұйымдары балалар өмірі мен қоғамда қандай рөл атқарады?», «Баланың қоғамдық тіршілігінің ерекшелігі неде?» және т.б.

Ағымдағы және негізгі сипаттама ұғымдарды айқындау қажет. Зерттеу жұмысымыздың негізгі жүйелі ақпараттық бірлігі ретінде «адам» өмірінің балалық кезеңі ұғымын таңдадық.

Бүгінгі таңда адам өмірінің мәні мен мағынасы деген нысанға көзқарастардың ішінде адам- үйлесімді Әлем танымының аса ерекше,

шексіз бөлшегі, әрі саналы компоненті болып табылады деген болжам бар. Осының салдарынан, ол (адам) – қандай да бір ғарыштық тіршіліктің тасымалдағышы және оған толықтай бағынышты, оның өзін-өзі дамыту – қозғалысы заңына, тұрмысына бағынады. Адам ғарыш планетааралық үдерістерден оңашаланбаған. Ол тек ғарыш тіршілігіне байланысты ғана емес, сондай-ақ өзінің тіршілік кеңістігіндегі барлық жасалған әрекеттерге белгілі бір мөлшерде жауапты.

Ересектердің әдіснамалық ұстанымының көзі оның кәсіби әрекетінің стратегиясы, логикасы, тактикасын анықтайтын балалар ұйымдарына деген дос, кеңесші, ұстаз тұрғысындағы қарым-қатынасы болып табылады. Сонымен қатар, маңызды деп танылады: ересектердің дүниетанымдық базисі, зерттелетін нысан мен пәннің концептуалды көрінісі, теориялық білімдердің пәнаралық (физиология, балалар психологиясы, педагогика, қолданбалы ғылымдар және практикалық тәжірибе) сапасы.

Әдістемелік қызметтің өзіндік ерекше «Әдіснамалық кілті» болып балалар қоғамдық ұйымдарының және оның тәрбиелік әлеуеті, оның құрамдас бөлшегі, материалдық әлем мен тіршілік тынысының диалектикасын айқындайтын белгілі бір салыстырмалы тұтастығы, шексіз жүйелі бірлігі, үздіксіз тасымалданатын, жанданатын, құбылыстардың қайталанбас түрлілігі түріндегі модельді саналы тану болып табылады.

Егер бізді шындығында балалар қоғамдық бірлестіктерінің табиғи мәні қызықтыратын болса, алдымен аталған әлеуметтік феноменнің ерекшелігі туралы нақты, анық мәліметті, яғни Қазақстан Республикасында тұратын балалардың қоғамдық тұрмысының өзекті жағдайы туралы, сонымен қатар балалардың көптеген әлеуметтік мәселелерін шешетін әсіресе, жасөспірім және есейген шақтағы, әмбебап тәсілдерінің бірі ретіндегі балалар қоғамдық ұйымдарының ерекшеліктері туралы білуіміз керек.

Қазіргі таңда оңтайлы әлеуметтік балалық шақ туралы объективті ақпарат балалардың негізгі қажетті өмірлік қажеттілік: элементарлы физиологиялықтан қиын әлеуметтікке дейінгі қажеттіліктерді қанағаттандыратын нақты қоғамдық тұрмысының мүмкіндіктерін көрсететін көріністердің статистикалық мәліметтеріне бірнеше талдау жасау негізінде беріледі:

Орталық факторлар оның өзекті қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты баланың әр түрлі мінез-құлық реакциясын тудыратын, ішкі әр деңгейлі ынталарында (алғышарт) маңызды рөл атқарады. Соның ішінде бала менталитетін қалыптастыру тенденциясы, субмәдениі, қажетті құнды бағыт –бағдары, уәжімен қоғамдағы балалардың нақты жағдайларының қарым-қатынасын талдау шешуші роль атқарады.

Социомәдени энергияға байланысты, біз сыртқы және ішкі әлемнің тасымалдағыштары диалектісін көрсететін баланың (балалар, балалалар ұйымдары) өмірлік тәжірибесінің материалды көрінісі деп санаймыз.

Энергияның кез келген түрінің интеграциясы, жүйелілігі, әрі оның ішінде социомәдени тиісті материализациялануын, жүзеге асырылуын талап етеді. Энергия алмастырудың әлсізденуі, тоқырауы, қақтығыстар, жүйелі

өзара байаныстың, өзара бағыныштылықтың, өзара қарым-қатынастың үзілуі құлдырауға, энергияның өшуіне, дескрутивті үдерістерге, кейде үлкен бұзушы күштерге әкеледі. Мұның бәрі балалар топтарында, әр түрлі асоциалды, антисоциалды, криминогенді балалар бірлестіктері мен топтарында байқалады.

Балалардың қоғамдық ұйымдары жайлы сөз қозғағанда, баланың қалыптасуы тек қана қозғалыста жүзеге асатынын ұғыну керек! Яғни, балалардың қоғамдық ұйымдары жайлы айтқанда, біз, шындығында, балалар қоғамдық қозғалысы жайлы айтып отырмыз.

Қозғалыс – өзін өзі дамытуда болмыстың табиғи қасиетін сипаттайтын негізгі философиялық категория. Қозғалыста ғана материалды әлемнің үздіксіз өзгерісте болатын ішкі жағдайын объективті шынайы өмірде әр түрлі тіршілік ету жолдарын қамтамасыз ететін үдерістер көрсетеді.

Қозғалыс – ішкі күштерді, материя энергиясын, оның өміршеңділігін көрсету тәсілі.

Басқаша айтқанда, бұл мүмкіндік, бір уақытта материалдық тұрмыстың жағдайы, яғни тіршілік ету, белгілі бір мағынада өзін өзі жүзеге асыру.

Материяның импульстері, дереккөздері, өзін өзі дамытудың (қозғалыс) қозғаушы күштері, біздің жағдайымызда балалардың қоғамдық ұйымдары балалардың қоғамдық қозғалысының ерекше формасы ретінде диалектикалық қарама-қайшылық болып табылады:

- тұрақтылық пен өзгерушілік арасында;
- жеңіл және ауыр;
- ескі және жаңа;
- прогрессивті және регрессивті;
- табиғи және табиғиға қарсы;
- ішкі және сыртқы; үздік және үздіксіз; жалғыз немесе көп және т.б.

Балалардың қоғамдық ұйымдарымен жұмыс әдістемесінде жетекші әдіснамалық принциптер ретінде келесілерді көрсетуге болады:

- аталған балалардың қоғамдық ұйымдарын материалдық шындық ретінде кешенді қарастыру;
- бүтіндей табиғи мекеме және зерттеу құбылысың объективті мәліметтерінің, яғни оның ішкі және сыртқы бірлігінің жүйелі көрінісі;
- қолдағы бар тәжірибенің, жеткен жетістіктерінің нақты- тарихи анализі мен синтезінің өзара қатынасы;
- балалар қоғамдық ұйымдары қызметін тұрақты объективті – субъективті зерттелеуі, болып жатқан жағдайлар мен тәжірибенің объективті маңыздылығы.

Қандай да бір балалар ұйымының пайда болуы үшін балалардың өмір саласында әлеуметтік өзін өзі жүзеге асыруда табиғи ішкі және сыртқы қажеттіліктердің асқынған қарама-қайшылығының болуы, осы қарама-қайшылықты сәтті шешудің шынайы мүмкін жағдайының болмауы, баланың өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыруға әлеуметтік мәдени ортада тұрақтамауы және әлеуметтік ортаға бейімделмеуі.



*Осындай нақты өмірлік жағдайларда әлеуметтік тұрмыстағы қиын дағдарыстан шығу үшін барлық мүмкіндіктерін, әлеуметтік мәдени тәжірибелерін пайдалана отырып, өзекті мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін тұрақты құрылымды – қоғамдық организм(ұйым) құра отырып, балалар бірігеді. Мұндай шешімді таңдау қабілеттілігі және өзіндік өмірлік мүддесін жүзеге асыру жасөспірім кезеңінде айрықша көрінеді. Аталған жағдайда тұрақты тәрбиелік әлеуетті кез келген уақытта құрастыра алмайтын балалар ұйымдарын ұйымдастырудың мәні олардың әлеуметтік мәдени мүмкіндіктерінің жиынтығы ретінде қарастыру керек.*

Осы жағдайда әлеуметтік мәдени күш, негізгі заңдылықтары, оның тұлғалық жеке даралық дамуы факторлары мен қоғамдық амандықтың бір тасымалдаушысы ретіндегі баланың көрінуін анықтап алу өте маңызды. Міне тек осыны негізге ала отырып, біздің ойымызша, толық объективті тұрғыда, балалар ұйымдарының тәрбиелік әлеуетін түсініп қана қоймай, оны әлеуметтік-мәдени жоғары дәрежедегі нәтижелік пен табысты түрде балалар әлеуметтік-педагогикалық жүйесін барынша жобалауға болады.

Көп жағдайда оның тіршілік тынысы мен мәні (потенциал және оның өзін-өзі қалыптастыруы) әртүрлі деңгейдегі анықталған болмыстың диалектикалық бірлігі, материалдық ақиқаттықтың біртұтас ерекше формасы. Мәнділік (потенциал) – белгілі бір құбылыстың объективті мүмкіншілігі, ішкі жасырын, терең, тұрақты, энергиясы мол алғышарттары.

*Сондықтан да, балалар қоғамдық ұйымдарын жас ұрпақтарға ерекше қоғамдық тәрбие беру институты ретінде қолдану, яғни басқа да ресми білім беру ұйымдарымен қатар, жас ұрпаққа тәрбие беру мәселелерін жоғары сапада шеше отырып, әрбір баланың толық әлеуметтік дамуын қамтамасыз ететін ашық, шынайы, стандартталмаған әлеуметтік педагогикалық жүйе ретінде, олардың әлеуметтік мәдени күшімен бай мүмкіндіктер потенциалын нақты қолдану мен жобалау өте тиянақты жұмысты қажет етеді, сонымен қатар, оларға лайық жеке дара тұлғалық әлеуметтік мәдени алаңы мен қоғамдық құндылықтар тартылысы.*

Осыдан - балалар қоғамдық ұйымдарының негізгі педагогикасы мен әдістемесінің негізі: баланың толық (жан жақты) әлеуметтік мәдени дамуы, өмірдегі әр адамға жоғары деңгейде тұлғалық жеке дара әлеуетін іске асыруға ықпал жасайтын, қоғамдық болмыстың әлеуметтік құнды тәжірибесін қалыптастыруды зерттеп және тиімді шарттар мен мүмкіндіктер жасау.

Л.С. Выготскийдің анықтауынша, *тәрбие – адамның жасанды дамуын қамтамасыз ету, яғни әлеуметтік өзіндік даму процесіне белсенді қолғабыс жасау.* Сол себептен, балалар қоғамдық ұйымдарымен жұмыс істеудің пәні ретінде, дәл осы тәрбиелік әлеует алынады.

Осы потенциалдардың (әлеуметтік мәдени алаң, оның табиғи мәні) шығуына әсер ететін факторлар мен құндылығын зерттеу, сонымен қатар оларды актуализациялау мен материализациялау аз емес назарды талап етеді.

Тіршілік тынысы (актуализация), көптеген шексіз құбылыстар ретінде, ешқашан мәнділікті қайталамайды, сәйкес келмейді. Осы ұқсастық

абсолюттік тұрғыда мүмкін емес. Өйткені, біз өткен шақта қалатын білім беру мәнінің жаңа сандық және сапалық жағдайымен жұмыс жасаймыз. Сонымен қатар, осы қайтадан көрінуші құбылыстар өз матрицалық негізіне қарсы келеді, теріске шығарады, сандық өзгерістердің сапалыққа көшу заңына ғана емес, мойындамауға да бағынады. Міне, осы ескі мен жаңа, өткен мен болашақ арасындағы қарама -қайшылық арқылы осы материалдық феномен өзіндік дамиды, қозғалады.

Басқа немесе өзге де құбылыстың ережеге сай сыртқы, көрінетін сипаттамалары оның негізгі мәні, ішкі қасиетін бұрмалайды. Сонымен қатар, олардың алғы шарттары, яғни өткені туралы қайта жаңғырта алмайды, өйткені біріншіден, табиғи тұтастықтың тек бір кішкентай бөлшегі ғана, екіншіден, өзінің болашағына, мәнді тумасына, жаңа қайта пайда болуына тартылады.

Құбылыс өзінің объективті, шындықтағы көптүрлілігімен, тіршілік тынысының көптеген формалары мен тәсілдеріне қарай, туғызушы прокциясы секілді олардың мәнді құндылығы ретінде қараған жөн (энергожүйелер, потенциалдар). *Сонымен бірге, олардың пайда болуы ішкі алғышарттар потенциалымен ғана детерминатталмайды, сонымен қатар, сыртқы, орта факторлары, ортада тіршілік тынысындағы құнды тән тәсілдердің жүйелілігі, тұрақтылық, тұрақтандыру мүмкіншіліктері арқылы да детерминатталады.*

Сайып келгенде, мәнділік (потенциал) өзінде белгілі бір шексіз көптүрлі біртекті, туыстық құбылыстар арқылы, осы бағдарлама аясында, жобада, іс-шарадағы ұйым мүшелерінің қызметінің қайталанбастығы мен бірегейлігі арқылы табиғи тұтастықты көрсетеді. Бөлек, бірліктегі материалдық білім беру, тіпті қандай да бір тұтастық-қандай да бір мәнді тұтастықтың ішкі әлемін құрайтын проекциялық бейне, бөлік қана, яғни сол ұйымның потенциалы, оны міндетті түрде есепке алып, не болса да абсолюттамау керек. Міне, осындай жағдай өткенде *пионер қозғалысы мен комсомол тәжірибесінде ғана балалар қоғамдық ұйымдарының тәрбиелік жүйесінің моделінің мәнін көрсетуге талпынғанда болды.*

Қазіргі кезде жалғыз осы «Жас Ұлан» ұйымын, Еліміздің Президенті идеясын бүркене отырып, осы пайда болатын қателіктер, абсолюттеу амалдары, бейімдеу, дәріптеуді мүлде болдырмау керек. Өйткені Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2011 жылы партия съезінде белгілі бір нақты ұйымды емес, ал балалар қозғалысын (нақты қозғалыс!) дамытып, қолдау жасау керектігін айтқан болатын! Қоғамдық өмір формалары мен түрлерінің көптүрлілігінің қажеттілігінің басты аргумент ретінде, мемлекетіміздің ересек азаматтары мен қазақстан қоғамы мүшелерінің қоғамдық қозғалысының көп партиялығы мен біздің мемлекетіміздің демократиялық принципте құрылуы болып табылады. Ешқашан, кез келген балалар әлеуметтік бастамалары, басқа да ұйымдар, қозғалыстар, бірлестіктерді елемей, тіптен жауып тастауға болмайды. Сонымен қатар, олардың шығу барысы мен себепті зерттеу байланыстарын білу маңызды.

Мысалға скауттық қозғалысы, XX ғасыр басында пионер қозғалысында балалар әлеуметтік бастамаларының тууы мен дамуына скаутингтің тәрбиелік жүйесінің тәртіпсіз ұйымдастырылуына себеп болды. Немесе осы күнге дейін табысты жұмыс жасап келе жатқан қазіргі кездегі Қазақстандағы балалар қоғамдық қозғалысы дамуының негізін салған «Атамекен» және «Жұлдыз» бағдарламаларымен жұмыс жасайтын балалар қоғамдық қозғалыстары!

Балалар қоғамдық болмысын бір жақты енгізу зерттеушілердің, педагогтардың, қоғамшылардың нақты әдіснамалық позициясының болмауы, балалар қоғамдық ұйымдарын әлеуметтік-педагогикалық қолдауының теориясы мен әдістемесін формальді қабылдауымен түсіндіріледі. Бұл қазіргі кездегі Қазақстандағы балалар қоғамдық қозғалысының жойылуына қауіп төндіреді.

Өзінің көптүрлігінде балалар қоғамдық құрылымдарының мәні мен тіршілік тынысын диалектикалық бірлік ерекшелігі мен пән аралық ерекшеліктерін, аналитикалық синтетикалық көрініс кеңістігінде және көп жақты, көп жоспарлы уақыт жалғасуымен меңгерген де ғана, салыстырмалы болса да, балалардың қоғамдық болмысы, балалар субмәдениетінің (И. Кон) табиғатын объективті түрде толық, ересек әлемнің, социумның, этностың, мемлекеттің жаңарған құндылықтары, мәдениеті, тәжірибесі ретінде ұсына аламыз.

Бізге балалардың әлеуметтік мәдени дамуында басымдылық ететін факторларды, бала өміріне әсер етуі мен заңдылықтарын тәртіпке келтіру қажет. Қарама қайшылықты, әсіресе мәнділік пен бар болуы, потенциалар мен актілер (Аристотель), ішкі және сыртқы, шындықтың толық объективті бейнесін айқындау, зерттеу объектісі мен пәнінің өткені, қазіргісі мен болашағы бірлігіндегі, уақытша және кеңдік болмысында, оның өзіндік дамуы, қозғалысының диалектикалық логикасының қазіргі жағдайын сраптау өте маңызды.

Балалар қоғамдық ұйымдарын жас ұрпақтың әлеуметтік бейімделуінің сындарлы кезеңдерінде әлеуметтік болмыстың ерекше тәсілі, формасы ретінде ашылуы зерттелініп отырған материалдық феноменнің басты моделін, мазмұнын құрушы жүйелі компонентін анықтап, оның өмірді қамтамасыз ететін элементарлық бөлігімен байланысты.

Бізді қызықтыратын құбылыстың өзіндік ядросының элементарлық бөлігі ретінде, баланы үздіксіз дамитын, өсетін адам ретінде есептеуіміз керек. Бірақ тағы да адам абстракті емес, ал оның болмысының диалектикасында: мәнділігі мен бар болуында. Нақ осы адам: әлеуметтік субъект, балалар қоғамдық ұйымының мүшесі, біздің ойымызша, балалар қоғамдық ұйымдарын әдістемелік қамтамасыз ету, қолдаудың әлеуметтік-педагогикалық әмбебап, ақпараттық, мазмұнды бірлігі.

Мәнділік болмысының диалектикалық тұтастығында, баланы (адамды) зерттеудің әмбебап ақпараттық мазмұнды бірлігі ретінде, біз адамға, ересек өмірге енуші балаларға басым көңіл бөлеміз.

«Адам» ғылыми категория ретінде пәнаралық, маңызды, бастапқы түсініктер қатарына кіреді. Осы категорияны сипаттауда адамзат ғылымдары ғана қызығушылық танытпай барлық білім саласыда айналысады. Бұл жағдай балалар қоғамдық ұйымдары қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Адам туралы тек философиялық қана емес, басқа да білім салалары, оның өмірлік сферасы, қоршаған әлеммен өзара даму заңдылықтарын дұрыс бағаламай, ол қылықтар жіберу педагогика үшін мүмкін емес. Ғылым үшін де, тәжірибе үшін де. Өйткені, педагогика адамға көмек жасау, оның бойындағы жақсы табиғи қасиеттерін, адамға тән ерекше күштерді, нышандарды, жеке дара мүмкіндіктер мен қабілеттер диапазонын өсіру, дамыту, тәрбиелеуді өз жауапкершілігіне алып отыр.

#### **4. Балалар қоғамдық ұйымдары әлеуметтік -педагогикалық жүйе ретінде**

Жүйелілік (жүйе) материяның әмбебап құрамы ретінде оның қозғалысын, тұрмыс үйлесімдігін және мақсаттылығын қамтамасыз етіп, антикалық дәуірден біздің заманымызға дейінгі әртүрлі философиялық мектептердің философтарының (Платон, Аристотель, Евклид және т.б.) назарын аударуда.

Жүйенің маңыздылығын ашып көрсететін терең теориялық ойлардың және тұрмыстың материалдық тәсілдерін ұйымдастырудың ортақ белгілерін атап көрсетуге болады:

- құраушы элементтердің тұрақты құрамы, тұтас бірлікті ұйымдастыратын сыртқы әлеммен байланыстарын, өзара қарым-қатынастарын құрайды;

- тіршіліктің *полифункционалдылығы, әртүрлі деңгейлігі;*

- дамудың *диалектикалық қарама-қайшылығы;*

- *тұрмыстың автономдығы, динамикалығы және т.б.*

«Жүйе» түсінігінің қолданылу аймағы кең және түрлі материалдық объектілердің сипатына сай келеді, оны түсіндіру міндетті, қандай жүйе жөнінде сөз болып жатқандығын нақтылауды қажет етеді:

Нақтылау және типологизациялау принциптерін қолдану арқылы ғылыми зерттеудің принциптерін және балалар ұйымының білім беру жүйесінің ерекше моделденуі ретінде анықталады.

Әрбір балалардың қоғамдық ұйымы біріншіден әлеуметтік жүйе болып табылады, оларға мыналар тән:

- тұтастық түсінігі немесе қоғамдық және жеке индексацияның тұтастық мәні;

- тұтастық жүйенің қиылыспайтын принциптік құрамы құрамға оны құрайтын элементтер және тұтас құрамның соңғы қорытындылары әрбір жүйе элементіне тән, ( тұлға, топ), құрам (қарым-қатынас, пәндік іс-әрекет, тәртіп), олардың ішкі және сыртқы қарым-қатынастары арнайы тұтас

әлеуметтік ағзаға негізделіп, орнына, дәрежесіне, функцияларына байланысты;

- қамтамасыз етуші құрылым немесе тәртіптілік:

а) қарым-қатынас, тәуелділікті арасындағы байланысты анықтайтын және логикалық таным мен моделдеу жүйесі арқылы бірізді анақталу мүмкіндігі;

б) Жүйенің жалпы даму қарқыны, өміршеңдігі оның жекелеген компоненттерінің функционалдық жағдайы. Басқаша айтқанда, әлеуметтік жүйенің құрылымдық ерекшелігі басқалар сияқты өзектендіреді, оның мүмкіншіліктер дәрежесін детерминдендіреді;

**2. Әлеуметтік-оңалту** балалар ұйымдары, стихиялық түрде (люберлер, попперлер, металлисттер, жәнет т.б.), немесе қоғамдық өмірге, шыңайы болмысқа «кіру», «үйлесу», «ыңғайлану» үдерістерін жеңілдету үшін әдейлеп құрылады. Ересек достарының, делдалдардың біліктілікті, адекватты, достық, шыңайы қолдауынсыз бұл балалар ұйымдары ашық әлеуметтік жарылыс, наразылыққа, қоғамда асоциалды немесе антисоциалды қыр көрсетіп өзін танытуға бейім. Алайда бұл балалар ұйымдары да бастапқыда мәдени құндылықтарды, өздерінің мәдениет құратын (тәрбиелік) потенциалын тудырулары мүмкін. Және де өзінің просоциалды мүмкін даму алғышарттары ретінде ғана емес, сонымен қатар өзіндік әлеуметтік мәдени «эмбрион» - балалар субмәдениетінің ретінде де. Осындай типті ұйымдардың мүшелері өздерінің әлеуметтік нәсібін жеңілдету үшін өзін-өзі жетілдіруімен айналысады (сыртқы келбеті, физикалық дамуы, қарым-қатынас мәнері және т.б.) және делдалдың біртумалық, бірақ жоғарыбіліктілікті көмегін жеңіл қабылдайды. Міндетті түрде ересектер емес, бірақ жарқын, көшбасшылар ісінде мән білетін адамдар.

**3. Мәдениеттанушылық** балалар қоғамдық бірлестіктері, олар, әдетте, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ересектердің (қоғамдық іскер, мемлекеттік және қоғамдық институттар, педагогтар) әлеуметтік-педагогикалық бастамалары бойынша құрылады. Немесе өзіннің біртума нышандарын дамыту арқылы өзін-өзі таныту, өз ойын білдірудегі аса қажеттілік көретін балалардың өздерінің бастамасы бойынша құрылады (музыка, вокал, филателия, театр, спорт, бос уақыттың әрбір түрлері және т.б.).

Мәдениеттанушылық типті балалар ұйымдарында нақты тәрбиелік потенциалдың болуы даусыз. Алайда оның құнды қасиеттері жеке-тұлғалық және кең әлеуметтік тұрғыда да өте тұрақсыз.

Осы ұйымдардың потенциалды мәдени қалыптастыратын тәрбие мүмкүндіктерінің сапалы көрсеткіштерінің жоғары деңгейі ересектердің мүдделі қатынасымен ғана анықталып қоймай, олардың өзекті балалар мәселелерін шешуде, мәдениеттануда, балалар әлеуметтік шығармашылығы салаларында шеберлігі, жоғары құзыреттілігімен де анықталады.

Балалар мәдениеттанушылық ұйымдарында нақты тәрбие потенциалын куәлдандыратын, сыртан көрінетін жағымды сипаттамалары болғанымен, оның сапалық қасиеттер, мәнді-әлеуметтік құндылығы өте селдір, өзіннің мақсаттық бағытына, мағыналық ойына таңдаған әлеуметтік бағдарларына сай емес болуы мүмкін. Сонымен қатар, балалар ұйымының осы типіне жатқызуға болатын көптеген пионерлік ұжымдардың, клубтық бірлестіктердің қызметі талдауы көрсеткендей, көптеген жағдайларда бұл балалардың арнайы құрылымдарында айтарлықтай толыққанды емес тәрбиелік потенциал, өйткені, әдетте, олар балалардың әлеуметтік қажеттіліктерінің біржақты қанағаттануына бағдарланған.



Осындай жағдайдың себебі – балалардың әлеуметтік бастамаларының шеттен тыс ұйымдасуы және формализм. Осындай жағымсыз құбылыстардың көзі – ересектердің, соның ішінде педагогтардың балаларға деген қарапайым сенімсіздігі, балалардың барлық істері мен қылықтарына, олардың әлеуметтік бастамаларына кернеу жауапкершіліктің псевдокәсіпқойлық менталитеті, «үлкеннің» «кішіге» артықшылығы позициясы, ол туралы Я.Корчак зәрмен жазған.

**4. Әлеуметтік-уағыздаушы** балалар ұйымдары, кешенді (әлеуметтік мәдени) немесе арнайы (профильді) әлеуметтік-педагогикалық жүйелер ретінде пайда болады және қызмет етеді. Олардың болуының, қойылған мақсатарының мағынасы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге балаларды, жастарды белсенді тарту жолымен өсіп келе жатқан ұрпақты социумдегі, қоғамдағы толыққанды ғұмырға дайындау. Ең алдымен мәдениеттанушылық. Осындай балалардың, полифункционалды, әдетте, жаппай ұйымдары мысалы: скауттар, пионерлер одақтары, полля харцерлері және т.б.)

Осы типті балалар ұйымдарының тәрбиелік потенциалы ең мықты болып келеді, өйткені оның құрулыуында және дамуында мүдделі және айтарлықтай белсенді, жігермен тек қана шыңайы, қоғамдық сахынада өзін-өзі таныту, өз ойын білдіру, өзін жетілдіруге ұмтылатын балалар емес, сонымен қатар айтарлықтай білікті ересектер, едәуір қоғамдық күштер, материалды және моральді қолдау көрсететін мемлекеттік механизмдер де қатысады. Алайда, тағы да, әлеуметтік-уағыздаушы типті балалар ұйымдарының сапалық жағдайдың, әлеуметтік мәдени мағынасы, нәтежиелік құндылығы, тәрбиелік потенциалының тиімділігінің даусыздығы бір мәнді, абсолютты болып табылмайды.

Бірінші аталған балалар ұйымдарының типтердегідей осы типті балалар қоғамдық құрамалардың тәрбиелік потенциалы тым тұрақсыз және мәселелі. Ол осылай алғышарт жағдайында, ықтимал мүмкіндік ретінде, ұйымның тек ереже және бағдарламалық құжаттарында қалуы мүмкін. Оның дамуы бала үшін, ұйым үшін, қоғам, мемлекет үшін шыңайы құнды бастама, әлеуметтік жоба туындамай, "эмбриона" деңгейінде қалуы ықтимал. Басқа «неке» де мүмкін, аталған ұйымның тәрбие тиімділігі, әсері, мүмкіндіктері жағдайлықпен, тұрақсыздықпен, ауыспалдығымен, қарама-қайшылықпен ерекшеленеді.

Әлеуметтік-уағыздаушы типті балалар ұйымның қоғамдық болмыстың мәндік спецификасы және ерекшелігі, біздің ойымызша, Е.В. Титова және Т.В. Трухачев еңбектерінде анық айқындалған, және келесіге жинақталады:

1. Балалар ұйымдары құрылады, және әдетте балалардың өздерімен емес, ересектермен басқарылады, ал олар түрлі мақсаттарға жетіп, өздерінің әр түрлі бағыттағы қажеттіліктерін қанағаттандырулары ықтимал. Саяси қызығушылықтар, балалармен бірлесіп әлеуметтік шығармашылықта педагогикалық қажеттіліктер, діни ұмтыластары мен осымен біруақытта асоциалды, криминогенді сипаттағы қажеттіліктер.

Осыған байланысты, құрылатын балалар ұйымдары жас азаматтардың әлеуметтік құнды бағыттары, тәжірбиесін ұалыптастыру құралы да, олардың

қызметін құқықтық тұрғысында реттеудің болмаған жағдайында саясаттық және таптық, этникалық және басқа да күрес бола алады.

2. Балалар ұйымдарында мүшелік салыстырмалы ұзақ емес өйткені балалардың оларда болу уақыты жасерекшелік кезеңі шеңберімен алдын ала анықталған. Бұл жағдай ұйымдар қызметінде мұрагерлік мәселелерімен, әр түрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен қатынас құрудағы тұрақтылықпен және дамуымен байланысты.

3. Балалардың қоғамдық бірлестіктерде болу кезеңі тұлға дамуының сенситивті, оның өмірлік ұстанымдарығ құндылық бағдарлары қалыптасуы кезеңімен жарасады. Бұл үлкен ұрпақтың, қоғамның жалпы мемлекеттің осы ұйымдары қызметі мен бағыттары, соны ішінде олардың көшбасшылары, ересек мүшелері мен достар делдалдары қызметі үшін ерекше жауапкершілікті болжайды, бұл қажетті заңнамалық базаның болмауы себебінен асқындала түседі.

4. Ұйым мүшелері – балалар заңды түрде қабілеттері жоқ. Бұл жағдай барлық қоғамдық бірлестіктер үшін белгіленген азаматтық құқықтарды, әлеуметтік нормаларды іске асыруға кедергі болады. Әрекеттегі нормаларға сәйкес, балалар ұйымдары өз әрекеті мен дамуы үшін сонымен қатар нарықтық қатынастар жүйесінде бәсекелестікті іс жүзінде қаржылық экономикалық, шаруашылық қызметті толыққанды жасай алмайды. Сонымен қатар, қажетті мамандардың болмағандықтан, олардың өз базасы, мүлігі де, қаржылық көздері, өзіндік шаруашылық қызметі үшін жеткілікті мүмкіндіктері жоқ.

Балалар қоғамдық ұйымдардың жоғарыда аталған сипаттамалары, олардың ерекше және специкалық қасиеттерін ғана бейнелемей, бағыты, тұрпаттамалық модификациялы және болмыстың түрі мен формалары бойынша әр түрлі балалар қоғамдық бірлестіктердің дамуымен байланысты жалпы мәселелерді де көрсетеді. Сондықтан осы айтарлықтай бір мәнді емес мәселелерді шешу бір ретті акция, істің формалды түрі бола алмайды. Балалар қоғамдық қозғалыстардың толыққанды дамуы үшін барынша шарттар жасау – балалар әлеуметтік саясатты әзірлеуді талап ететін маңызды және жедел қоғамдық мемлекеттік мәселе.

Мемлекеттік балалар саясатының маңызды бағыты балалар қоғамдық қозғалысының мәндәк типологиялық параметрлерін, сипаттамалық қасиеттерін, өзекті қоғамдық болмысының шыңайы шарттарын ескере отырып, олардың тәрбиелік потенциалын модельдеу жолымен балалар әлеуметтік бастамаларын елсендетудің және жүзеге асырудың компетентті реттеуі болу қажет. Осында түрлі модельдеу мүмкіндігі жас ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін тәрбиелеудің әлемдік тәжірбиесінде айтарлықтай кең қолданылады: скауттар, бүркіттер, харцерлер, пионерлер, көптеген білім бағдарламалары, мысалы, сана Одиссеясы және т.б.

Балалар қоғамдық қозғалысындағы және тиісті балалар ұйымдарындағы әлеуметтік құбылыстың әр түрлі типологиялық тәсілдердің салыстырмалы талдауы бізге, *біріншіден*, өзіміздің методологиялық ұстанымдарды анытауға, сонымен қатар қазіргі заманда балалар қоғамдық

құрамалар қызметін қолдаудың әдістемелік қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын таңдауға мүмкіндік берді. *Екіншіден*, типологиялық тәсілге негізделіп, Қазақстан Республикасында да, ТМД елдерінде де балалар қозғалыстары жағдайын ескере отырып, әрекеттегі балалар ұйымдарының тәрбиелік потенциалының шындығын талдай аламыз. *Үшіншіден*, бізде қазіргі балалар ортасында, қоғамда, мемлекетте сұранысы бар балалар ұйымдарының тәрбиелік потенциалын модельдеудің мүмкіндігіміз бар. Және, төртіншіден, балалар қоғамдық қозғалыстарының ұйымдастырушылық –педагогикалық қамтамасызды жүйесін әзірлеудің қажеттілігі және арнайы квалификациясы бар педагогтардың, әлеуметтік қызметкерлердің күрделі кадрлық дайындықты қосатын балалар ұйымдары қызмет етуі.

## Тұжырымдар

Өсіп келе жатқан ұрпақтың әр түрлі әлеуметтік бастамалармен көрсетілген балалар қоғамдық қозғалысы біздің өміріміздің сәттілігі, мемлекет пен қоғам дамуының тенденциялары мен болашағының айналық бейнесі болып табылады.

Балалар қоғамдық ұйымдарын құру - тек педагогикалық мүдделеріне негізделетін аясы тар мақсат емес. Бұл айтарлықтай тарапталған, бірақ көбінде танылмаған әлеуметтік құбылысты пәнаралық зерттеудің күрделі қажеттілігі жастар бос уақыты саласын алып кеткен өсіп келе жатқан криминогенді стихияның, сонымен қатар балалық шақтың әлеуметтік депривациясының өсіп келетін мәселелері себепші болды.

Әр түрлі бала қоғамдық бастамаларын, әр түрлі қоғамдық құрамаларын зерттеу арқылы балалар қоғамдық қозғалыстың мәнін ашу балалық шақтың әлеуметтік табиғаты, өсіп келе жатқан ұрпақтың қоғамдық өзін іске асырудың нақты формалары мен тәсілдерінің пайда болуы мен дамуының алғышарттарын талдаумен байланысты.

Балалар әлеуметтік құбылыстардың мәнді табиғатын біз әлдебір әлеуметтік потенциал– өз бетінше қандай да бір өмірлік мәселелерді шеше алмайтын балал, балалардың көптеген өзекті мәселелерін қанағаттандырудың алғышарты ретінде қарастырамыз. Осы ретте, балалар құрамаларының (ұйым, бірлестік, топ) шынайы мүмкіндіктерінің (әлеуметтік потенциал) сапалық нәтежелері әлеуметтік мәдени алаңына байланысты, ал оның «қуатты көзі» аталған ұйымның балалар мүшелерімен емес, әлеуметтік мәдени шарттарымен, айналадағы шындық факторларымен, әр түрлі балалар бастамаларында көшбасшылардың, мемлекеттің, қоғамның, ересектердің мүдделі қатысуының деңгейі, сапасымен анықталады.

***Балалар ұйымдары өсіп келе жатқан ұрпақтың толыққанды әлеуметтік жамуы мүддесінде балалардың толғақты қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылады.***

Демек, балалар қоғамдық ұйымдары қызметін модельдеу және дамытуды болжау кезінде басты құндылық болатын нақты бала ұйымы өз

мүшелеріне не беретіні, қандай мүмкіндік туғызатыны туралы, ол тек қоғам өмірінде емес, бала өмірінде қандай рөл ойнайтыны туралы ақпарат. Сондықтан жоғарыда аталған үдерістердің негізгі ақпараттық бірлігі ол баланың айналадағы шындықпен өзарақатынасы болады. Бұл қатынастар баланың бос (ресми емес) өзін анықтауда, оның әлеуметтік таңдау жағдайлары саласында көрнекі бейнеленген.

Бала - қоғамдық қатынастардың субъекті, бізбен балалар ұйымының қандай да бір типінің жетекші құнды бастауы, басты мағына құратын компоненті ретінде қарастырылады. Үлкен ақпараттық құндылықты осы балалар ұйымымен біріктірілген және шындықта ұсынылған қоғамдық қатынастардың мінезтанушы талдау және басқа мәндік қасиеттері құрайды. Дәлірек айтса: олардың бағыты, құнды нәтежиелігі, технологиялық қамтамасыздық деңгейі (репродуктивті, шығармашылық және т.б.).

Барлық балалар ұйымдары бастауында шоғырлануға, ассимиляциялауға және өндіруге, өз мүшелерінің толыққанды өмір жасауға, амандығын қамтамасыз ететін әлдебір адами құндылықтарды құруға бағытталған. Басқа сөзбен айтқанда, өз ұрығында, эмбрионалды түрінде барлық балалар ұйымдары *просоциалды* болып табылады. Сондықтан, адекватты әлеуметтік мәдени шарттардың болуы жағдайында олардың тәрбиелеу потенциалын өсіру және заттандыру мәселесі шешіледі. Әлемдік тәжірибеде осындай мысалдар аз емес.

Балалар ұйымдарының тәрбиелік потенциалын модельдеу, бастысы, өзектеу және заттандыру күрделі методолгоиялық, теоретикалық, ұйымдастырушылық технологиялық, әдістемелік мәселе. Оның шешімі балалық шақтың автономды әлеуметтік педагогикалық институты ретінде балалар ұйымының мәндік жүйелерінің негізгі компоненттері туралы нақыт пікірдің болуымен байланысты.

Балалар ұйымдарының тәрбиеләк потенциалының негізгі компоненттері ретінде біз балалардың өзекті әлеуметтік қажеттіліктерін және аталған социумда оларды қанағаттандыру мүмкіндіктерін анықтадық. Осы ретте, балалардың құндылық бағыттары мен әлеуметтік сұраныстарының, мүдделері мен қажеттіліктерінің басымды қосындысын, сонымен қатар олардың аталған социумның, қоғамның, мемлекеттің мүмкіндіктеріне сай келуін ескеру.

Балалар қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік (тәрбиелік) потенциалы күрделі әр деңгейлі білім екенін ескеру қажет, ол балалық шақтың өзекті қажеттіліктері мен мүдделерін, сонымен бірге негізгі, бала үшін маңызды қоғамдық болмысының әлеуметтік салаларын көрсетеді.

Балалар қоғамдық ұйымдары қызметінің сәттілігі балалық шақтың әлеуметтік амандығы, қоғамдық болмыс жағдайы туралы нақты мәліметтердің талдауынсыз мүмкін емес. Бүгін мектеп, отбасы, қоғам, мемлекет, социум, мәнді балалар қоғамдастықтары өсіп келе жатқан ұрпаққа не беретіні туралы. Балалардың өмірлік жоспарлары мен мүмкіндіктері, құнылық бағаттары, өзекті қажеттіліктері қандай. Олардың бос әлеуметтік өзін таныту, дербестігі, өз ойын білдіру, өзін жетілдірудің диапозоны қандай.

Балалар қоғамлық қозғалыстары жағдайын, балалар әлеуметтік бастамалары дамуының өзекті жағдайын болжайтын басым факторларды анықтау маңызды рөл ойнайды.

Баллар қоғамдық қозғалысының табиғаты өз әр түрлілігімен мәні бойынша бала қажеттіліктерін қанағатандыруға бағытталған: а) өмірлік қамтамасыз ету, өмірге қабілеттілік (виталды деңгей); б) қатынас (әлеуметтік психологиялық деңгей); в) шығармашалық өзін жетілдіру (мәдени әлеуметтік деңгей).

Бұл қажеттіліктер қуатты, тәрбиелеу потенциалы бар әлеуметтік уағыздау типті балалар ұйымдарында толыққанды қанағаттандырылады.

Балалар мен қоғам үшін құндылықтар сұранысы мен әлеуметтік маңызылығы бар балалар қоғамдық ұйымдардың тәрбиелеу потенциалын модельдеу барлық қатынастарда кәсіби сауатты құқықтық және ұйымдастырушылық педагогикалық қолдау шарттымен мүмкін.

## Қосымша 1

### **Балалар қоғамдық құрылымдарының қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуге нұсқаулық**

Балалар қоғамдық құрылымдарын құру (ұйымдар, бірлестіктер, клубтар, секциялар, үйірмелер және басқалар) оны ұйымдастырушылардың (құрылтайшылар) бәрінен бұрын балалар үшін бұл балалар қоғамдық организмі (жүйе) мақсатты ұйғарымы бойынша нақты түсінігі болуы қажет. Басқаша айтқанда балаларға бұл ұйым қажет пе және не үшін қажет деген нақты түсінік болуы шарт. Бұл түсінік нақты болуы қажет және балалардың шын мәніндегі қажеттіліктері мен сұранымдарына негізделуі қажет.

Балалар бірлестіктерін құрудың келесі алғы шарты бұл балалар қауымдастығының, топтарының отбасы, ата-аналар шын мәнісінде қоғамдық бірлестікті құруға мүдделі және оның дамуына көмектесетін, қолдау көрсететін болуы шарт.

Балалар қоғамдық бірлестіктерін ұйымдастырушылар оның ресми құрылтайшысы болып кіріскенде бұл балалар құрылымының негізгі әлеуметтік міндетін, мақсаттары мен міндеттерін, принциптерін, ұйымдастырушылық түрлерін, оның өмір сүру әдістерін, қызметін, әлеуметтік –педагогикалық жүйе ретіндегі даму болашағын нақты білуі шарт. Балалар қауымдастығының үш негізгі ұйымдастырушылық және мәртебелік түрлері бар:

1. Балалар қоғамдық бірлестігі заңды тұлға мәртебесінде, әділет органдарында тіркелген, мемлекеттің құқықтық алаңында қызмет ететін, қолданыстағы заңнамалардың негізінде, өзінің мәртебесіне сәйкес барлық заңнамалық нормаларды қатаң орындайды.

Ереже бойынша балалар ұйымдарына осы қоғамдық құрылымның

қызметіне барлық құқықтық жауапкершілікті көтеретін бастамашы ұйымдар мен жеке тұлғалардың топтары құрылтайшы болады. Ұйымдардың Жарғысының негізінде және ұйымның қолданыстағы Жарғысына сәйкес басқарушы ұйымдардың органдарымен құрылған және бекітілген нормативтік құжаттарының негізінде жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың қызметі олардың келешекте дамытуға және үнемі негізге алуға бағытталған. Оларға халықаралық, республикалық және аймақтық балалар қоғамдық ұйымдары жатады. Барлық қарым-қатынастар әртүрлі ведомстволармен, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен өзара ынтымақтастық және іс-әрекет туралы меморандумдар мен келісім шарттар негізінде құрылады.

2. Балалар қоғамдық бірлестіктері кез-келген білім беру, мәдениет, ТКШ, басқа ведомстволарының базалық ұйымдары (мекемелер, кәсіпорындар) жағдайында осы балалар қоғамдық бірлестіктерін ің қызметіне әкімшілік жауапкершілікті өзіне алған тұлғалармен екі жақты келісім –шарттары бойынша әкімшілік негізде құрылады. Сонымен қатар әкімшілік базалық кәсіпорынмен келісім бойынша бірлестіктің жалпы жиналысымен және қамқоршылар кеңесінің (ата-аналар, үйлестірушілер, педагогтар) отырысымен бекітілген бағдарламалар мен нормативтік құжаттарды, қоғамдық құрылымның өзінің қызметі туралы Ережесі болуы керек. Балалар қоғамдық құрылымдарының қызметінің регламентін белгілеу және тәртіптеу үшін өзара іс-әрекеттің құқықтық нормаларының регламенттерін белгілеу, базалық ұйымның (ведомствоның) ата-аналар комитетімен, әкімшілікпен келісім шарт жасау тиімді.

Балалар қоғамдық ұйымдары уақытша құрылымдар ретінде кіші мақсаттарды жүзеге асыру үшін, үлкен әлеуметтік маңыздағы жобаларды, іс-шараларды жүзеге асыру үшін құрылады. Бұл уақытша балалар қоғамдық құрылымдары Ереже, Концепция, қандай да бір нақты іс-шараны өткізу ережесі негізінде құрылады, мұнда жобаның бастамашылары, ұйымдастырушылары туралы ақпарат, өткізу уақыты мен орны, шақырылғандар, бағдарлама, тапсырмалар, міндеттер, оларды орындаушылардың жауапты тұлғалары нақты көрсетілуі қажет.

## **Балалар қоғамдық ұйымдарының үлгі Жобасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. «\_\_\_\_\_» аймақтық балалар қоғамдық ұйымы, әрі карай

«Ұйым» деп аталған, осы Жарғыда көрсетілген жалпы мақсаттарды жүзеге асыруға арналған жалпы мүдделер негізінде біріктірілген, ҚР азаматтарының бастамасы бойынша құрылған, қоғамдық бірлестікке мүше болуға негіз болып табылады.

1.2. Ұйым өзінің қызметін ҚР Конституциясына, ҚР Азаматтық Кодексіне, ҚР «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Бала құқықтары туралы» Заңдарын және басқа Қазақстан Республикасының құқықтық

актілерін, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады және жалпыға танылған халықаралық принциптер мен нормаларды және стандарттарды өз қызметінде басшылыққа алады.

1.3. Ұйымның қызметі ерікті, тең, өзін-өзі басқару және заңдылық принциптеріне негізделген.

1.4. Ұйым қоғамдық бірлестіктер одағына (ассоциация) мүше бола алады.

1.5. Ұйым ҚР заңнама талаптарына сәйкес мемлекеттік тіркелгеннен бастап заңды тұлға болып табылады.

1.6. Ұйымның Қазақстан Республикасының аумағында және шетелдерде Ұйымның жарғылық мақсаттарына және ҚР заңнамаларына сәйкес өз атынан сатып алуға мүлкітік және мүлкітік емес құқығы бар, міндетерді орындауға, сотта жауапты және арызданушы болуға, соның ішінде арбитраждық және аралық соттарды, жарғылық мақсаттарға қол жеткізу мүдделерінде мәміле жасайды. Ұйымның оқшауланған мүлкі мен тәуелсіз балансы, банк мекемелерінде есеп және басқа шоттары, сонымен қатар дөңгелек мөрі, мөртаңбасы, штамп, эмблемасы, өзінің атауы жазылған бланкісі бекітілген заңды тәртіпте тіркелген басқа бейнелемелері бар.

1.7. Ұйымның қызметі жариялық болып табылады, оның құрылтайшылары және бағдарламалық құжаттары туралы ақпарат – баршаға қолжетімді.

1.8. \_\_\_\_\_ ұйымы қызметінің аймағы

1.9. \_\_\_\_\_ ұйымының басшылық жасаушы органының тұрақты мекен-жайы: \_\_\_\_\_

## **2. Ұйымның мақсаттары**

2.1. \_\_\_\_\_ ұйымының мақсаты болып табылады

2.2. Ұйымның жарғылық мақсаттарына қол жеткізу үшін ҚР қолданыстағы заңнамаларына сәйкес келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады: ҚР бекітілген заңнамасы тәртібінде тек лицензия алғаннан кейін лицензиялық қызмет түрлерін жүзеге асырады. Ұйым өзінің құзыры шегінде барлық мүдделі кәсіпорындармен, қоғамдық және ғылыми ұйымдармен, заңды және атқарушы билік органдарымен, шетелдік және халықаралық ұйымдармен және басқа заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтастық жасайды.

2.3. Ұйым өз бетінше өзінің қызметінің, мәдени, әсемдік, экономикалық, техникалық және балаларды әлеуметтік дамытудың басқа бағыттарының стратегиялық бағытын анықтайды.

2.4. Ұйым жергілікті өзін-өзі басқару органдарында және қоғамдық бірлестіктерде өзінің құқықтарын ұсынады, өз мүшелерінің заңды мүдделерін, сонымен қатар мемлекеттік билік органдарында басқа азаматарды қорғайды.

2.5. Жеке және заңды тұлғалар (қоғамдық бірлестіктер) ұйымның қызметінде ерікті қайырымдылық беру және мүлкіті тегін пайдалану

арқылы, ұйымдастырушылық, еңбек және басқа Ұйымға жәрдемдесу арқылы оның өзінің жарғылық қызметін жүзеге асыруына қатыса алады.

#### 2.6. Ұйым міндетті:

- ҚР заңнамаларын сақтауға, оның қызмет саласына қатысты жалпыға жария принциптер мен халықаралық құқық нормаларын, сонымен бірге оның құрылтайшылық құжаттарында қарастырылған нормаларды сақтауға;

- жыл сайын органға мемлекеттік тіркеу туралы шешім Қабылдау туралы, органның үнемі жұмыс істейтін басшылығының тұрақты мекен-жайын көрсетіп өз қызметін ұзарту туралы, оның атауы және басшылары туралы мәліметерді хабарлауға;

- органның сұранымы бойынша мемлекеттік тіркеу туралы шешімді, басшы органдардың және лауазымды тұлғалардың шешімдерін, сонымен бірге салық органдарына ұсынған мәліметтер көлемінде өз қызметі туралы жылдық және тоқсандық есептер беруге;

- мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайтын, өткізілетін іс-шараларға органның өкілдерін жіберуге;

- мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайтын орган өкілдеріне ҚР заңнамаларын сақтауға және жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге байланысты ұйымның қызметімен таныстыруға көмек көрсетуге;

- жыл сайын өзінің мүлкін, қаражатын пайдалану туралы есепті жариялап, көрсетілген есеппен танысу қолжетімділігін қамтамасыз етуге.

### 3. Ұйымның уәкілдігі

3.1. Ұйымның басты уәкілдігі мектеп оқушыларының патриоттық тәрбиесіне және азаматтық қалыптасуына көмектесу болып табылады.

### 4. Ұйымның мүшелері

4.1. Ұйымға балалар, сонымен бірге қоғамдық бірлестіктерінің жеке және заңды тұлғалары мүше бола алады.

4.2. Ұйымның мүшелігі қатарына қабылдау мүшелікке кіруші азаматтың өтініші негізінде іске асырылады, қоғамдық бірлестік-оның басшы органының шешімі негізінде жүзеге асырылады. Ұйымның мүшелігі қатарына қабылдау жалпы жиналыстың шешімі бойынша жүргізіледі, егер оған қатысушылардың көбі дауыс берсе.

4.3. Ұйымның мүшелері тең құқылы және міндеттерді тең орындайды.

4.4. Ұйымның мүшелерінің құқықтары:

- Ұйымның қызметі туралы ақпарат алуға
- Ұйымды Басқаруды және ұйымның лауазымдық тұлғаларын қарастыруға, оның қызметін жетілдіру туралы кез келген ұсыныстарды енгізуге;

- Ұйымның жүзеге асыратын іс-шараларына қатысуға

- Сайлау органдарына сайлауға және сайлануға

- Ұйымның мүшелігі құрамынан еркін шығуға

4.5. Ұйымның мүшелері міндетті:



- Ұйымның жұмысына көмектесуге;
- Ұйымның қызметіне зиян келтіретін әртүрлі әрекеттерден (әрекетсіздіктерден) тартынуға;
- Өз құзыреті шегінде қабылданған жалпы жиналыстың және ұйымды басқарудың шешімдерін орындауға;
- Ұйымның Жарғысын орындауға.

4.6. Ұйымның мүшелері Ұйым басқармасына Ұйымға өзінің мүшелігін тоқтату туралы өтінім (шешім) беру жолымен.

4.7. Ұйым мүшелері өтініш берген сәттен бастап ұйымның құрамынан шыққан болып есептеледі.

4.8. Ұйымның мүшелері Жарғыны бұзғаны үшін Ұйымнан шығарылуы мүмкін, сонымен бірге ұйымның беделін түсіретін әрекеттері үшін, оған моральдық және материалдық зиян келтіргені үшін шығарылады.

4.9. Мүшеліктен шығару ұйымның жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі, мүшелердің жалпы жиналысына қатысушылардың 2/3 дауыс беруі арқылы.

## **5. Ұйымды басқару тәртібі**

5.1. Ұйымның жоғары басшылық органы ұйым мүшелерінің Жалпы жиналысы болып табылады (слет, кеңес).

Жалпы жиналыс жылына бір реттен кем емес, қажеттілігіне қарай жиналады. Жалпы жиналыстың отырысы егер Ұйым мүшелерінің жартысынан көбі қатысса заңды.

5.2. Кезектен тыс жалпы жиналыс шешім бойынша шақырылады:

- Ұйымның президенті;
- Ұйымның (кеңестің) басшылығы;
- Ревизиялық комиссия
- Ұйымның 1/3 мүшелері

5.3. жалпы жиналыс ұйымның кез-келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жалпы жиналыстың құзырына жатады:

- Ұйымның Жарғысын бекіту, оған бекітілген заңды тәртіпте оларды келесі тіркеумен қосымшалар мен өзгерістер енгізу;
- Ұйымның Президентін, Ұйымның Басқармасынғ Ревизиялық комиссияны (ревизорды) сайлауға және олардың өкілеттілігін мезгілінен бұрын тоқтатуына;
- Ұйымның жылдық жоспары мен бюджетін бекітуге және оның жылдық есебін бекітуге;
- Ұйым мүшелерінің кіру, мүшелік және ерікті жарналарын төлеудің өлшемі мен тәртібін анықтауға;
- заңды тұлға мәртебесінде коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарын құруға шешім қабылдауға, Ұйым өкілдерінің және филиалдарын ашуға қатысу туралы шешім қабылдауға;

- ұйымды қайта құру және жою туралы мәселелерді шешуге және жою комиссиясын құруға;

Жалпы жиналыс ұйымның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса заңды. Шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

5.4. Ұйымның қызметінде ағымдағы басшылық ету үшін жалпы жиналысты шақыру арасында ұйым кеңесі сайланады- ұйымның үнемі жұмыс істейтін жетекші органы.

5.5. Ұйым кеңесі жалпы жиналыспен 3 жылға жалпы жиналыс бекіткен ұйым мүшелерінің арасынан сайланады.

5.6. Ұйым кеңесі мерзімі аяқталғанда қайтадан сайлануы мүмкін. Оның мерзімінен бұрын өкілетілігін тоқтату жалпы жиналыстың қарауына шығарылып, ұйым мүшелерінің 1/3 кем емес талабы бойынша қарастырылады.

5.7. Ұйым Кеңесі:

- Ұйымның жұмысын бақылайды және ұйымдастырады, жалпы жиналыстың шешімін орындауға бақылау жасайды.

- Ұйымның шығыс сметасын қарастырады және бекітеді;

- Ұйымның мүлкіне иелік етеді;

- Штаттық-лауазымдық кестені бекітеді;

- Ұйымның жалпы жиналысында талқыланатын мәселелерді дайындайды;

- Тіркеу органына жыл сайын заңды тұлғаларды Біріңғай мемлекеттік тіркеуіне енгізілген мәліметтер көлемінде ұйымның тұрақты басшылық органының шын мәніндегі тұрғылықты жерін көрсетіп, оның атауын, ұйым басшылығы туралы мәліметтерді ақпараттандырады.

- Ұйымға қатысушыларды қабылдауды және шығаруды жүзеге асырады;

- Ұйымның жалпы жиналысының құзырына жатпайтын кез-келген мәселелерді шешеді;

- Кеңестің отырысы қажеттілігіне қарай тоқсанына 1 реттен кем емес өткізіледі және Кеңес мүшелерінің 50 процентінен көбі қатысса заңды болып табылады.

5.8. Шешім отырысқа қатысушы Кеңес мүшелерінің көпшілігінің ашық дауыс беруі арқылы қабылданады.

5.9. Ұйымның Президенті жалпы жиналыста 3 жыл мерзімге сайланады.

Ұйым Президенті:

- жалпы жиналысқа есеп береді, Ұйымның қызметінің жағдайына жауап береді және жалпы жиналыс пен ұйым кеңесінің құзырына ғана енетін мәселелерден басқа Ұйымның қызметі мәселелері бойынша сұрақтарды шешуге құқылы.

- ұйымның атынан сенімхатсыз жұмыс істейді, оны ҚР аумағындағы және шетелдердегі барлық мекемелерде, ұйымдарда және кәсіпорындарда ұсынады.

- ұйымның қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды және бұйрықтар шығарады;

- кеңеспен бекітілген Ұйымның қаражат сметасы шегінде билік етеді, ұйымның атынан басқа заңды әрекеттерді жүзеге асырады, мүлік сатып алады және оны басқарады, банктерде есеп шоттар ашады және жабады.

- ұйымның шаруашылық және қаржылық қызметіне байланысты мәселелерді шешеді;

- ұйымның әкімшілігіне лауазымды тұлғаларды жұмысқа алады және жұмыстан босатады, Басқарма бекіткен штаттық – лауазымдық кестеге сәйкес олардың лауазымдық міндеттерін бекітеді.

- ұйымның өкілдігі мен филиалының қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

- ұйымның жарғылық мақсаттарына сәйкес өз құзыреттілігі шегінде қаражат пен мүлікті пайдалануға жауапты;

5.10. Кеңестің төрағасы 3 жылға Кеңестің отырысында оның мүшелерінен сайланады;

Кеңес төрағасы:

- ұйымның Президенті мен Кеңесіне есеп береді, тек Жалпы жиналыстың, Ұйымның Президенті мен Кеңесінің құзырына жататын мәселелерден басқа, Ұйымның қызметіне қатысты барлық мәселелерді шешеді.

- ұйымның Президенті жоқ болғанда оны ауыстырады;

- ұйымның ішкі қызметінің шұғыл мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды және бұйрықтар шығарады;

- кеңес отырысын дайындайды және өткізуді ұйымдастырады;

- ұйымның филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін бақылауды жүзеге асырады;

- бухгалтерлік есеп беруді және есеп алуды ұйымдастырады;

- ұйымның жарғылық мақсаттарына сәйкес өз құзыреттілігі шегінде қаражат пен мүлікті пайдалануға жауапты;

## **6. Ревизиялық комиссия**

6.1. Ревизиялық комиссия жылына бір реттен кем емес Ұйымның қаражаттық-шаруашылық қызметіне тексеріс жасайды;

6.2. Ревизиялық комиссия тексеріс нәтижелерін Кеңестің отырысында оларды талқылағаннан кейін Ұйымның Жалпы жиналысына береді.

## **7. Филиалдар мен Өкілдіктер**

7.1. Ұйым заңнама талаптарын сақтай отыра ҚР аумағында өзінің филиалдары мен өкілдіктерін аша алады.

7.2. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды, оларға Ұйымның мүлкінен бөліп беріледі және Жалпы жиналыспен бекітілген Ереже негізінде жұмыс істейді. Филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі бөлек баланста есептеледі және Ұйымның балансына қойылады.

7.3. Филиалдардың және өкілеттіктердің басшылары ұйымның жалпы жиналысында тағайындалады және Ұйымның Президенті берген сенім хат негізінде әрекет етеді.

## **8. Ұйымның мүлкі және оны қалыптастыру көздері**

8.1. Ұйымның меншігінде ғимарат, қосалқы ғимарат, үй, тұрғын үй қоры, жер телімі, көлік, құрал-жабдықтар, жабдықтар, ақшалай қаражаттар, Ұйымның жарғылық қызметін материалдық жағынан қамтамасыз ету үшін басқа бағалы мүліктер болады.

8.2. Ұйымның меншігінде Ұйымның жарғылық мақсаттарына сәйкес қаражат арқылы құрылған немесе сатып алынған мемемелер, баспаханалар, бұқаралық ақпарат құралдары болуы мүмкін.

8.3. Ұйым оған тиісілі меншіктегі барлық өз міндеттеріне жауап береді, оған қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлетуге болады. Ұйымның мүшелері Ұйымның міндеттері бойынша жауап бермейді, Ұйым да Ұйым мүшелерінің міндеттері бойынша жауап бермейді.

8.4. Ұйымның мүлкін қалыптастыру көздері болып табылады:

- азаматтар мен заңды тұлғалардың ерікті жарналары, қайырымдылық , жәрдем берушілік және демеушіліктен түскен;

- кіру және мүшелік жарналары;

- банк несиелері;

- құрылтайшы ұйымдар мен шаруашылық етуші ұйымдардың аударымдары;

- ұйым өткізген іс-шаралардан түскен;

- қолданыстағы заңнамада тиым салынбаған басқа көздерден түскен;

8.5. Ұйым пайда табуды көздемейді, ұйымның кәсіпкерліктен түскен кірістері ұйымның жарғылық жетістіктеріне бағытталады, ұйым мүшелері арасында таратуға жатпайды;

8.6. ұйым мүшелерінің ұйым меншігіндегі мүлектің үлесіне иелік етуге құқы жоқ;

## **9. Ұйымды қайта құру және жою тәртібі**

9.1. Ұйымды қайта құру Жалпы жиналыс шешімі бойынша жүзеге асырылады, егер бұл шешімге қатысушы ұйым мүшелерінің 2/3 дауыс бергенде;

9.2. Ұйымның мүлкі оны қайта құрғаннан кейін ҚР қолданыстағы заңнамасында қарастырылған қайта пайда болған заңды тұлғаға беріледі.

9.3. Ұйым жалпы жиналыстың шешімі бойынша жойылуы мүмкін, егер бұл шешімге қатысушы ұйым мүшелерінің 2/3 кем емес дауыс берсе, не болмаса соттың шешімімен. Ұйымның жойылуы немесе қайта құрылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы арқылы іске асырылады.

9.4. Жойылғаннан кейін Ұйымның мүлкі мен қаражаты несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін Ұйымның жарғылық

мақсаттарына жолданады және оның мүшелері арасында қайта таратуға жатпайды.

9.5. жеке құрам бойынша Ұйымның құжаттары Ұйым таратылғаннан кейін заңда белгіленген тәртіпте Мемлекеттік мұрағатқа сақтауға тапсырылады.

9.6. Ұйымды тарату бойынша шешім заңды тұлғаларды бірінғай мемлекеттік тіркеуге жіберіледі.

9.7. заңды тұлғаларды бірінғай мемлекеттік тіркеуге жазба енгізілгеннен кейін Ұйым өзінің жұмысын тоқтатады, Ұйым жойылды деп есептеледі.

## **10. Жарғыға өзгерістер мен қосымшалар енгізу тәртібі**

10.1. Жарғыға өзгерістер мен қосымшалар енгізу Жалпы жиналыста бекітіледі және мемлекеттік тіркеуге жатады.

10.2. Ұйымның Жарғысына өзгерістер мен қосымшалар енгізуді мемлекеттік тіркеу ҚР қолданыстағы заңнамаларында бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.

10.3. Ұйымның Жарғысына енгізілген өзгерістер мен қосымшалар мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

### **Балалар қоғамдық бірлестіктері туралы үлгілі Ережесі**

Ереже ата-аналар комитетінің, қорғаншылық Кеңесімен, жалпы жиналыстың әкімшілігімен және бұйрығымен бекітіледі (базалық мекеме).

1. Жалпы ережелер.
2. Бірлестіктің мақсаттары, міндеттері.
3. Бірлестіктің мүшелері және олардың міндеттері мен құқықтары.
4. Бірлестіктің құрылымы.
5. Бірлестіктің жұмысының басты бағыттары.
6. Бірлестіктің негізгі бағыты.
7. Көтермелеудің түрлері мен әдістері.
8. Бірлестікті жабу және қайта құру.

## **Косымша 2**

### **Балалар қоғамдық ұйымдарының қызметін бағдарламалық қамтамасыз ету**

Ұйымның мақсаты, міндеті, өкілеттілігі оның қызметінің мақмұнында, түрлері мен әдістерінде көрінеді. Бұл көріністердің әртүрлі материалдық негізі даму концепциясы немесе балалар ұйымы қызметінің Бағдарламасы болып табылады.

Бағдарламаны құрастырғанда оның авторлары балалардың қызығушылықтары мен шын мәніндегі қажеттіліктерін есепке алуы қажет.

Бұған республикалық «Атамекен», «Жұлдыз», «Жас Ұлан» бағдарламалары, халықаралық скаут қозғалысы мысал бола алады.

**I.Бағдарлама тұтас**, кешендік сипатта, фундаменталдық, мәдени, педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталуы мүмкін. Бұған Қазақстан Республикасында кеңінген таратылған және балалар қоғамдық қозғалысына қажетті «Атамекен», (авторы М.К.Құрсаубаев) Бағдарламасын жатқызуға болады. Бұл ғылыми-этнопедагогикалық концепция, білім берудің прогресстік тәрбие беру идеясына негізделген, халықтың ғасырлар бойғы жинаған тәжірибесі негізінде, жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі, адамгершілік-материалдық және ұлттық мәдениетті болашақ ұрпақ бойына сіңіруге бағытталып, жүйелі түрде тәрбиелеуге жатады.

Төменде біз осы бағдарламаны мысалға келтіреміз.

**«Атамекен» бағдарламасының басты мақсаттары мен міндеттері:**

- Қоғамға пайдасы тиетін жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу, ол туған жердің дамуына өз үлесін қосады, тарихын құрметтейді, ҚР Конституциясы мен Заңдарын, ҚР Президентін, мемлекеттік рәміздер мен елтаңбаны, ұлттық салт –дәстүрді, халық пен мемлекетті, тарих пен мәдениетті және басқа жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтейтін;

- Қазақстандық патриотизм сезімін этнопедагогика мен этнопсихология арқылы тәрбиелеу мүмкіншіліктері арқылы қалыптастыру. Заманауи когнитологиялық-эдукологиялық технологияларды пайдаланып кешендік тәрбие жұмыстары, негізгі әдістемелік бағыттарды анықтайды.

## **АЛЫСТАҒЫ БАУЫРЛАР**

Шетелдердегі қазақ диаспораларының проблемалары. Халықтық дипломатия, Миграция, эмиграция, демография, депортация, этноцид, геноцид мәселелері. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы. Оралмандардың әлеуметтік проблемалары. «Алыстағы бауырлар» іс-шаралары.

## **ДОСТЫҚ**

Қазақ-түркі тарихнамасы нақында зерттеулер жүргізген араб, парсы, қытай, орыс европалық ғылымдардың ғұмырнамасы. Қазақстан халықтары және ТМД мемлекеттеріндегі этностар арасындағы достық байланыс. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. «Достық» іс-шарасы.

## **АРДАГЕР**

Ежелгі дәуірден жаңа заман тарихына дейінгі ұлт азаттық соғыстарға: грек, қытай, рим, парсы, орыс, моңғол, ойрат, қалмақ, шүршіт, таңғұт, араб, өзбек, түрікпен қарсы соғысқан ардагер ата-бабаларымыздың ғұмырнамасы. Отаршылыққа қарсы және 1945, 1912, 1916, 1921,1932, 1941, 1979 және 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғаларына қатысқан ардагерлер мен қаһармандар. Жауынгерлік және еңбек даңқы музейін құру.«Ардагер» іс-шарасы.

## **ОЮ-ӨРНЕК**

Ұлттық таным мен мұхитының қайшылық қағидасымен ұштасқан ою-өрнектің ғарыштық, зооморфтық, геометриялық, ихтиологиялық, танымдық фәлсафалық түрлерімен танысу. Ою-өрнектің киізде, текеметте, алашада, кілемде, көрпеді орналасу көріністері. Көрмелер ұйымдастыру. «Ою-өрнек» іс-шарасы.

### **БЕЙНЕЛЕР СЫРЫ**

Тылсым дүниемен байланысқан көне: руналық, тотемдік, геральдикалық, петроглифтік таңбалар мен кескіндер сыры. Еліміздегі киелі жерлер: Арпа өзендегі, Тамғалыдағы, Тәңірқазғандағы, Бесшатырдағы, Таскескендегі үңгір бейнелері мен сызба-шимайлары. «Ескінің көзі» атты этножорық.

### **АТА-АНА**

Ұлттық таным тәлімнің қайнар бастауы ата-бабаларымыздың ұрпақ тәрбиесі жөніндегі мың ғасырлық тәжірибелері мен рухани-мәдени мұралары. Туыс, ағайын, отбасы, әке-шеше, бауыр қарындас, балдыз-бажа дәстүрлері және жұрт салттары. Ата салты және ана шапағаты. «Ата-ана» іс-шарасы.

### **ШАРИҒАТ-ҚҰРАН**

Мыңдаған ғасырлар бойы адамзат перзентіне Аллаһ тағаланың шапағат-нұрын шашып келген қасиетті Құран шариғаттарының тәлімдік танымдық әфсаналары. Мұсылман пайғамбарлары мен ғұламаларының ғұмырнамасы. Діни-танымдық және мұсылмандық дәстүрлер. Киелі Рухтар әлемі. Ораза, рамазан айы, Қыдыр түні, садақа беру рәсімдері. Сенім мен парыз. Қажылық фәлсафасы және намаз тағылымы. «Мұсылман әлемі» іс-шарасы.

### **ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ СӘБИ**

Қатал тағдырдың мәңгілік құрбандары: мүгедек, кемтар, зағип жандарға, қарттар мен жетім балаларға қол ұшын беру. Қолдан келгенше жақсылық жасау. Балалар мен қарттар үйіне сапар шегу. Бүкіл қазақстандық «Қайырымдылық» және «Ауыл» операциясын ұйымдастыру. «Бөбек» қорының қайырымдылық акциясына қатысу.

### **САУДА**

Тәуелсіз қазақ елінің мәдениетін өркендетуде жаңа инфокұрылымдық жүйеге негізделген менеджмент, маркетинг, аудиторлық және қаржы-банк мамандықтарын игеру мәселесі. Әлемдік һәм еуразиялық экономикалық кеңістік пен интеграция. Жалпы адамзаттық экономикалық даму Стратегиясы. Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық өркендеуіне жеке үлес қосу. Жас кәсіпкерлер орталықтарын құру. «Сауда» іс-шарасы.

### **ҒҰМЫР ЖӘНЕ ҒАЛАМ**

Аспаннама және жаратылыстану негіздері. Планеталар мен жұлдыздар шеруі. Уақыт пен кеңістік. Адамтану әфсаналары. Нүктелер, толқындар және ғарыш денелері. Қатты, сұйық, ыстық-суық құбылыстар фәлсафасы. Адамның ақыл-ой әлеуеті мен жаңа мүмкіндіктері. Болжам және ақиқат. Ғылыми-зерттеу жұмыстары.

### **АНА ТІЛІ**

Көне түркі, соғды, сақ-гүн және Орхон-Енисей руналық жазбалары. Есік және Пазырық қорғандарындағы протоэтнолингвистикалық мұралар. Тоныкөк, Мойыншор, Күлтегентасы жазба ескерткіштері. Көне түркі иеороглифтері. «Ұмай Ана» іс-шарасы.

### **ТҰРАН КҮНТІЗБЕГІ**

Халықтық астрология. Көне болжамгер даналар, жұлдызшылар мен көріпкелдер. Жылқайыр әфсаналары. Мүшел жас қағидасы. Жыл мезгілдері, ай, апта, сағат және мөлшем қағидалары. Сарыарқадағы «Мұртты обалар» Ұлы Дала обсерваториясы. Этножұлдыз жорамал. Тұран этноастрологиялық картасының сұлбесін жасау. «Тұранкүнтізбегі» іс-шаралары.

### **ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ**

Ұлы Жаратылыстың қайшылық нысандарынан жасанды-табиғи тұрғыда реттелген болмыс пен болмас ұғымдары. Антропогендік кезеңдер мен тәжірибелер жиегінде қалыптасып келген адамзат перзентінің қарама-қайшылық: жақсы – жаман, мейірімділік – қатығез, парасатты – қанішер, ақылды – ақымақ және басқа әрекеттерінің әфсаналары. Салыстырмалы зерделеу және пайымдау. Адамтану негіздері.

### **ЖАС ҚЫРАН**

Еуразия даласын мыңдаған ғасырлар мекендеген көпшенді – номадтардың ұрыс-соғысы мен ел қорғау дәстүрлері. Ата-бабаларымыздың әскери өнері. Әскери тактика және стратегия. Ұлттық әскери Доктрина. Әскери-жауынгерлік тәртіп, білім және тәрбие негіздері. Соғыснама саясатының шежіресі. Мыңбасы, түменбасы, жүз басы және елу басы, он басы әскери саптары мен жауынгерлік дәстүрлері. ҚР ІК Жарғысы. ҚР қарулы күштерінің түрлері. «Мың бала» әскери-спорттық ойын-сайысы.

### **ӘЛЕМ ДІНДЕРІ ТАРИХНАМАСЫ**

Дүниежүзі адамзат перзенттерінің ең асыл рухани-мәдени мұралары ұлы діндер: ислам, христиан, будда және басқа діни конфессиялар мен қауымдастықтардың тарихнамасы. Ұлы діндердің көсемдері, данышпан-пайғамбарлары мен ғұмалары және олардың фәлсафалық-теологиялық әфсаналары. Ұлы діндер ықпалы, тәрбиесі, мәдениет және қоғамдағы ролі. «Ұлы діндер тарихнамасы» атты оқулық және бағдарламалар жазу.

### **ҚОҒАМ ЖӘНЕ «АТАМЕКЕН» МЕДРЕСЕСІ**

Республикалық «Атамекен» балалар мен жастар ұйымын құру. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты бірлестік-топтар құру. Тәрбие жұмысының орталығы «Атамекен ордасын» ашу. «Атамекен» бағдарламасын балалар, оқушылар және жастар ұйымдарының тәрбие жұмыстарына пайдаланудың жолдарын көрсету. Аса дарынды оқушылардың басын біріктіріп арнайы оқу орны – Атамекен медресесін ашу. Арнайы оқулықтар жазу. Қазақстан оқушылар Ассамблеясын құру.

### **ТӘҢІРНАМА**

Ата-бабаларымыздың тарихында аса маңызды діни фәлсафалық, рухани-мәдени рөл атқарған исламға дейінгі дәуірде қалыптасқан Тәңірлік діннің адамгершілік әфсаналары. Тәңір дінінен қалған отпен аластау, әруаққа



сыйыну, ала жіпті аттамау және басқа діни дәстүрлер. Тәңір мен Ислам дінінің ұқсасқан тұстары. Хан Тәңірі шыңына тәу ету рәсімі. «Хан Тәңірі» іс-шарасы.

### **ҚАЗАҚ ЕЛІ**

Тәуелсіз қазақ елінің жаңа геосаясаты және менталитеті. Мемлекеттік және ұлттық идеология, генофонд. Әлемдік макроэкономикалық кеңістікке ену барысындағы жаңа Қазақстан келбеті. Президент Назарбаевтың «Қазақстан 2030» Стратегиялық идеясы. Ата Заң және ҚР Заңдары, Президент Жарлықтары мен Үкімет Қаулылары. Қазақтану мәселелері. Дипломатиялық қарым-қатынас. Саясаттану және әлеуметтану негіздері. Қазақстан және БҰҰ. Ұлттық қауіпсіздік, ішкі және сыртқы саясат. Жастар және жұмыссыздық проблемалары. Сайлау заңы.

### **ТҰРАН ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН**

Ататегі, тарихы мен мәдениеті бір түркі тілдес этностардың бүгінгі тағдыры мен болашағы. Әлемдегі отызға жуық түркітөктес халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастық. Түркі даналары және олардың ғұмырнамасы. Ұлы Тұран империясының тарихы мен мәдениеті. Тарихи оқиғалар күнтізбегі. Түркі халықтарының әдебиеті, өнері, медицинасы, тәлім-тәрбиесі жайлы оқулықтар шығару. Көне түркі руналық жазбаларды қастерлеу. «Тұран әлемі» атты ауқымды іс-шаралар.

### **НЕОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ НЕОПСИХОЛОГИЯ**

Әлемдік жаһандану үрдісіндегі жаңаша білім және тәрбие проблемалары. Техногенез дәуіріндегі жас ұрпақтың (хомоэлектроникус, постхомо, хомоинформатикус, хомотехникуст.б.) танымдық-интеллектуалдық ерекшеліктері. Жаңа дәуір талабына сай неопедагогикалық және неопсихологиялық қағидаларды зерделеу.

*("Жасstar" журналы №3 (17), шілде-қыркүйек, 2008)*

Балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметінің бағдарламасын құрастыру кезінде ел алдымен балалардың өздерінің әрекетін бағдарлау қажеттілігін еске ұстау маңызды, бағдарламада балаларға қолжетімді және қызығушылық туғызатын бағдарлар, сонымен қатар олардың ата-аналарына, достарына қызықты және түсінікті, педагогтар мен ересектер мақұлдағаны шартты.

Дәл осы әдістемелік негізде балаларға арналған және балалардың өздерінің бағдарламалары құрылады. Мысал ретінде көптеген скауттық бағдарламаларды ұсынуға болады. Біздің отандық тәжірибемізде – бұл **бағдарлама «Жұлдыз»** балалар қоғамдық қозғалысы болып табылады, балаларға арналған, ұйымның мүшелеріне, олардың ата-аналарына, достарына, тәлімгерлерге, үйлестірушілерге және мұғалімдерге арналған (авторы Е.А.Дмитриенко). Таныстыру үшін осы бағдарламадан үзінді келтіреміз.

**«Жұлдыз» бағдарламасы** – бұл балалардың, әр баланың өз арманына жету жолы! Өз жұлдызына жету жолы!

Бағдарлама ұраны: Біздің бар ойымыз, біліміміз, ісіміз Отан, Жақсылық және Әділеттілік үшін!

### **Қымбатты дос!**

Сенің әрине бақытты болғың келеді? Бұл жақсы. Бақытқа әр адам ұмтылады. Бірақ бақытты болу әркімнің қолынан келе бермейді. Өзінің жұлдызын тапқан адам ғана бақытты бола алады, ол- жарық және қайталанбас, жақындарына, достарына, Отанына, Әлемге, Жаһанға жарық беруші және қуаныш сыйлайды.

Бақыт жолы, өз жұлдызына жету жолы – бұл өзіңе деген жол, адамдарға, сұлулыққа, жақсылыққа және әділеттілікке, өмірлік үйлесімділікке, өзін өзін жетілдіру жолы. Саған көп нәрсені білу қажет, көп нәрсеге үйренуің қажет! Сенің әр күнің жарқын әрі қуанышты болуы қажет. Жолыңнан таймас үшін саған сенімді компас және дұрыс бағыт қажет. Сенің әр қадамыңда қызықтырғыш, ашылулар, әртүрлі сынақтар, күтпеген жағдайлар тосып тұр. Бұл саған қорқынышты еес пе? Онда іске сәт! Құрметті дос!

### **Сенің таңдауың - «Жұлдыз» бағдарламасы**

Сенде сенімді көмекшің «Жұлдыз» бағдарламасы бар. Неліктен тек «Жұлдыз» - жұлдыз? Бұрынғы аңыздарда жұлдыз көптеген халықтардың адамды барлық бақытсыздықтар мен қиыншылықтардан қорғайтын, табыс мен бақыт әкеледі деген сенім болған.

Жұлдыз белгісін көптеген елтаңбаларда, туларда, әртүрлі мемлекеттердің рәміздерінен бастап зергерлік әшекейлерде, жастардың атрибутикаларынан табуға болады. Бесбұрышты жұлдыз адамның бейнесін білдіреді. Бірақ жұлдыз өздігінен пайда болмайды. Ол әртүрлі өмір тарапынан күш алған қуат арқылы жанады.

Егер адамның жұлдыз қуаты туралы айтсақ оның көзі, күші, жарықтығы отбасында, достарының, туған жерінің, Отаны арасында.

Адам өмірінің мәні, оның бақыты өмірден барынша көп мүмкіншіліктер алу, өзін барынша көрсету, айналасын өзгерту, өзінің жылуын сыйлау, адамдарға қуаныш сыйлау болып табылады.

Сенің бағдарың – жақсы істер, жарқын ашулар, үлкен және кіші жеңістер. Отан, Жақсылық және Әділеттілік үшін кез –келген өмір сынағына дайын бол!

Сен өз жұлдызыңды ашасың! Саған табыс тілейміз!

### **Өзіңе өзің көмектес!**

«Жұлдыз» бағдарламасы саған толыққанды өмір сүруіңе көмектеседі, қиыншылықтарды жеңуге, нағыз достар табуға, бақытты болуға көмектеседі. Жұлдыз шыңына жетудің ең негізі: өзіңе қатал талап қоя білу. Өз өзіңе көмектес – бұл принцип сенің күнделікті өмірінде маңызды принцип болуы қажет!

Әр жастың өз арманы, істері, жаңалықтары, өзінің жұлдыздық шыңы болады. «Жұлдыз» бағдарламасын 6 жастан бастап игеруге болады.

Сондықтан бағдарлама төрт жас ерекшелігіне бағытталған төрт бөлімнен тұрады:

«Балапан» («Птенец») – 6-8 жастағы балаларға арналған.

«Жас Сұңқар» («Соколенок») – 9-11 жастағы балаларға арналған.

«Сұңқар» («Сокол») – 12-14 жастағы балаларға арналған.

«Мұрагер» («Хозяин жизни») – 15-18 жастағы және ересек жастағы балаларға арналған.

### **Сенің компасың – таңғажайып сәулелер!**

Өз жолыңнан таймау үшін саған сенің қайталанбас жұлдызыңның ғажайып сәулелері көмектеседі: «жеті Мен». Жеті саны кездейсоқ таңдалмаған. Ол сиқыршы. Көптеген халықтар осылай ойлайды. Табиғаттың ғажайып болымысы жеті санымен тығыз байланысты: жеті түсті кемпірқосақ, әлемнің жеті кереметі, аптаның жеті күні, жеті ұрпақ – отбасының негізі, жеті нота – музыка үйлесімділігінің негізі.

Көптеген мақалдар, ертегілер, салттар жеті санымен байланысты: жеті рет өлше ....; жеті тәрбиешіле ...; жетеуі біреуді күтпейді..., «Белоснежка мен жеті гном», «Жеті желде», «Гүлім-жетігүлім», «Тамаша жетілік» және т.б.

Ғажайып «Жеті» саны «Жұлдыз» бағдарламасының рәміздерінде де кездеседі, туында, эмблемасында, төс белгілерінде.

Сонымен, сенің жұлдызға жетер жолың жарқын сәулелермен айқындалған!

### **ҚЫЗЫЛ**

Ең қымбатты, ардақты және жарқын нұр – үй ошағының, отбасыңның түсі.

Мен – адаммын, мен – ұлмын (қызбын), мен – тұлғамын, мен – доспын, мен – қайырымды істердің жаратушысымын, мен – ошақ сақтаушысымын, мен – азаматпын.

### **САРҒЫЛТ**

Күн шуақты сарғылт нұр «Менің достарым» саған адал және берік достарға ие болып, өзіне шынайы дос болуға көмек береді.

### **САРЫ**

Өз Жерінді, Атамекенінді сүюге, халқыңның адал ұлы және қызы болуға саған жолыңды, істеріңді алтын сары түспен бейнелейтін «Менің Жерім» нұры көмек береді.

### **ЖАСЫЛ**

Көпті біліп, көпті үйренуге саған жанашылдық, жастық, қуат белгісі жарқын жасыл түске боялған «Білім, қабілеттер» нұры көмек береді.

### **КӨКШІЛ**

Көкшіл түске боялған «Құмарлық» нұры бос уақытты қызықты өткізуге көмек береді.

### **КӨК**

Күнде жақсы істер жасап, өмірде өз орнын табуға көк түсті, сенімділік, беріктік, тұрақтылықты айқындайтын «Жақсы істер-Кәсіп» нұры көмек береді.

### **КҮЛГІН**

Сымбатты, дені сау, мықты, қуатты, жақсы болуға, бақытты және лайықты өмір сүруге саған «Үйлесімділік» күлгін нұры көмек береді.

Ресми белгілерден басқа (жұлдыздар, нұрлардың түс гаммалары), балалар бірлестіктерінде бағдарламалық әрекеттердің негізгі мәнін бейнелейтін өз белгісі, айқындау нышандары – қоршаған әлемге жарық және қуаныш сыйлау! Күн сайын жақсы істер жасау.

Бастысы – өз мүмкіндіктеріне сенімді болу, өзін-өзі табу, өмірдегі орныңды табу, өз жұлдызын ашу. Өзіңнің күнделікті өміріңде «Біздің барлық ойлар, білім, істер – Отан, Қайырымдылық және Әділдік үшін!» ұранын ұстан.

Қымбатты дос, саған сәттілік тілейміз! Ресми белгілерден басқа (жұлдыздар, нұрлардың түс гаммалары), балалар бірлестіктерінде бағдарламалық әрекеттердің негізгі мәнін бейнелейтін өз белгісі, айқындау нышандары – қоршаған әлемге жарық және қуаныш сыйлау! Күн сайын жақсы істер жасау.

Ресми белгілерден басқа (жұлдыздар, нұрлардың түс гаммалары), балалар бірлестіктерінде бағдарламалық әрекеттердің негізгі мәнін бейнелейтін өз белгісі, айқындау нышандары – қоршаған әлемге жарық және қуаныш сыйлау! Күн сайын жақсы істер жасау.

Бастысы – өз мүмкіндіктеріне сенімді болу, өзін-өзі табу, өмірдегі орныңды табу, өз жұлдызын ашу. Өзіңнің күнделікті өміріңде «Біздің барлық ойлар, білім, істер – Отан, Қайырымдылық және Әділдік үшін!» ұранын ұстан.

**Қымбатты дос, саған сәттілік тілейміз!**

## **I тарау. БАЛАПАН**

Егер сен 6-8 жаста болсаң және есейіп, жақсы істердің алғашқы жасаушысы болуға ұмтылсаң – жолың болсын! Ерінбе, батыл және күшті бол! Бұл істе саған сиқырлы жеті нұр көмек береді!

### **I. Сенің отбасың**

#### **Балапан:**

ата-анасының үлгілі ұлы (қызы); отбасысың, жақындарын ешқашан ренжітпейді; үй шаруасында жақсы көмекші, еңбектенуді жақсы көреді; отбасысының абыройын сақтайды, ата-анасының, жақындарының жетістіктерін мақтан етеді;

- жақсы отбасылық салт-дәстүрлерді сақтауды үйренеді;
- кіші інілері, қарындастары, апасы, атасы, науқастарына қамқор болады;
- қонақтарды қабылдауға үйренеді;

- ана тілі, жақсы сөйлеу ережелерін үйренуге тырысады.

## **II. Сенің достарың**

### **Балапан:**

- сенімді және адал дос болуға тырысады;
- үлкендерді сыйлайды, кішілер, әлсіздерді сыйлайды;
- табиғат, жануарлар, құстарды сүйеді және сақтайды;
- жаман істерді ешқашан жасамайды, өтірік айтпайды;
- әр түрлі ұлтты балалармен және үлкендермен дос болады;
- әрқашанда әдепті, қарапайым, жомарт, ұсақ-түйекке ренжімейді.

## **III. Сенің Жерің**

### **Балапан:**

- Мәдениетке, салт-дәстүрлерге, халқыңның, көше, мектеп, ауыл, қала, Отан, еліңнің тарихына араласады; мұражайлар, көрмелерге барады, атақты тұлғалардың өмірбаяндары-мен танысады, Қазақстан Республикасының әнұранын, мемлекеттің негізгі нышандарын біледі;
- конкурстарға, көрмелерге, байқауларға қатысады;
- мейрамдар, халық тойларына қатысады;
- оқуға, халық ертегілерін, аңыздарын, мақал-мәтелдерін айтуды жақсы көреді;
- халық ойындарын ойнауға, халық әндерін айтуды жақсы көреді;
- үй кіреберісі, ауласы, көшесінің тазалығын сақтайды;
- көгалдандыруға қатысады, жасыл көшеттерге қамқорлық жасайды, илеулерді сақтайды, «Жасыл патрульдің» белсенді мүшесі;
- «Көк патрульдің» жұмысына қатысады, қайнарларды тазартады;
- соғыс және еңбек ардагерлері, кәрі және әлсіздерге қамқорлық жасайды;
- отан қорғаушысы болуға дайындалады.

## **IV. Білім, қабілеттер**

### **Балапан:**

- мектепте үлгілі оқушы, барлық пәндерден үлгеруге тырысады, Жаппай оқудың мектеп посттарының белсенді қатысушысы;
- кітаптар, газеттер, журналдар, интернеттен, фильмдерден, серуендер, сапарлар, саяхаттардан көп жаңа, қызықты, пайдалы ақпараттарды біледі;
- достарына, ата-аналарына оқыған, көрген, естіген ақпараты туралы айтып бере алады;
- көп өлеңдер, әндер, ертегілер, мақалдар, мәтелдер, қызықты аңыздар біледі;
- мектепте, басқа қоғамдық орындарда, қонақта, көшеде, театрда, кинода, қоғамдық көліктерде тәртіп ережелерін біледі және сақтайды;
- жол қозғалысы ережелерін біледі және сақтайды, жол қозғалысының жас инспекторларының жұмысына, полицияның жас достары посттарының жұмысына қатысады;

- өзі-өзіне қызмет етеді: өз төсегін тиянақты жинайды, барлық заттарын (киім, аяқ киім), жұмыс орнын, кітаптарын, дәптерлерін, ойыншықтарын толық тәртіпте сақтайды, үстел жасайды, ыдысты жинап, жуады;
- ойыншықтар, ұсақ-түйектер, кәдесыйлар, қардан пішіндер жасауды біледі, киім, көне кітаптарды жөндей алады;
- пәтерді, сынып, мектеп, ауланы жинауға қатысады;
- саяжай, бақшада, мектеп жанындағы жерлерде еңбек етеді;
- үй құстары, жануарлар, аквариум, құстарға жем салатын ақырларға қарайды;
- бала ойындарын біледі, өз достарымен, балалармен осы ойындарды ұйымдастыра алады, ойынға үлкендерді тарта алады;
- өзінің, туыстарының, достарының үй мекен-жайын, үйге, жақын дүкендерге жолды біледі, ұсақ сатып алулар жасай алады;
- қалай дұрыс хат жазуды, хат алмасуды біледі;
- газ, электр құралдары, қадалғыш және кесуші заттармен қолдануда қауіпсіздік ережелерін біледі және сақтайды.

## **V. Құмарлықтар**

### **Балапан:**

- жануарлар, құстар, балықтар, гүлдер, ағаштарды жақсы көреді, оларды түрлерімен өзгешелейді, оларға қамқор болады;
- табиғатты жақсы көреді, қандай да болсын жыл мезгілінде, ауа райында серуендеуге барады, қоршаған әлемнің сұлулығына сүйсінеді;
- елестеуді, өлең, ертегі, болмаған нәрселерді шығаруды, армандауды жақсы көреді;
- белгілер, фантиктер, киндерсюрприздер, күнтізбелер, жапсырмалар, ашық хаттар, маркалар жинайды, өз топтамасы туралы айтуды, оны достарына көрсетуді жақсы көреді;
- әр түрлі ойындар ойнайды: доппен, қозғалыс, топтық, үстелдік, компьютерлік;
- сүйікті кітаптары, кинофильмдерінің сюжеттері бойынша шағын спектакльдерді қоюды және рөлдерді ойнауды жақсы көреді;
- балалармен уақыт өткізеді, оларды оқуға, сурет салуға, жасауға үйретеді;
- көп сурет салады, музыканы жақсы көреді, жақсы билейді;
- оқуды жақсы көреді, кітапханаға барады; өз кітапханасы бар және достарына кітаптар береді;
- балалар фильмдерін, спектакльдерін қарауды, олардың мазмұнын айтуды жақсы көреді;
- ауада ойнауды, велосипед, ролик, коньки, шана, шаңғы тебуді, жүзуді жақсы көреді;
- сән әлеміне қызығады, әдемі, заманауи болуға ұмтылады;
- бос уақытын көңілді және қызықты өткізуді жақсы көреді.

## **VI. Кәсіп**

### **Балапан:**

- күнде жақсы іс жасауға ұмтылады: жеті жақсы іс – әр апта сайын;
- кітаптар, газеттер, журналдар, фильмдер, үлкендер, достар, ата-аналар, туыстар, таныстардың айтуынан естіген әр түрлі кәсіпті адамдармен танысады;
- ата-аналарының, туыстар, таныстардың еңбек табыстарын біледі, олардың кәсіби шеберлігі, жетістіктерін мақтан етеді;
- өзінің болашақ кәсібі туралы армандайды, оның басқалардан айырмашылығын біледі;
- әр түрлі істер мен ойындарда өз күшін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін тырысады.

### **VII. Үйлесімділік**

#### **Балапан:**

- өз денсаулығына қарайды, күн тәртібін және жеке гигиена ережелерін сақтайды, таңертең жаттығулар жасайды, дене тәрбиесімен айналысады, салауатты өмір салтына ұмтылады, шынығады, өзін-өзі тәрбиелеу және жетістіктерінің күнделігін жүргізеді;
- барлығымен тату өмір сүреді, ешкіммен ұрыспайды;
- адамдарға қуаныш сыйлауға тырысады;
- достары, жақындары, айналасындағы адамдарының, сонымен бірге, өз жетістіктеріне қуанады, олармен мақтанбайды;
- әрқашанда тиянақты, тартымды, әдепті, көңілді өмір сүріп, мұңаймайды;
- қиындықтардан қорықпайды, өмірдің қандай да болсын сындарына дайындалады.

#### **Қымбатты дос!**

Сен өзіңнің жұлдызды өрлеуіңнің бірінші кезеңінен өттің, сен – «Мен» қағидасының, тұлғалығының, өмірлік жолыңның шынайы, алғашқы жасаушысың.

Сен қоршаған ортаның сұлулығын көріп, қорғауға, оны көбейтуге қабілеттісің.

***Отан, Қайырымдылық және Әділдікке жұлдызды шыңдарына өрлеуіне дайын бол!***

Бірдей тесттер, сәйкес жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктері «Жұлдыз» қоғамдық қозғалысы бағдарламалары жұмысының негізгі бағдарын алған балалар қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің әр жас тобына бағытталған.

Осыдан басқа, бағдарлама ақпарат және ерекшелік белгілері, мадақтау және марапаттау шараларынан тұрады. Бағдарламаға балалар тұлғалығының дамуы мен шығармашылығын іске асыруға, табысты растау және өзін-өзі іске асыру, балалар әлеуметтік ынталарын қолдауға бағытталған жобалық қызметті ұйымдастыру технологиясы қосымша берілген.

«Жұлдыз» Бағдарламасы мәтінінің толық нұсқасын «Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының одағы» республикалық қоғамдық бірлестіктерінің [www.zhuldyz.kz](http://www.zhuldyz.kz) сайтынан табуға болады.

**III.** Балалар қоғамдық қозғалысының бағдарламасы ұйымдар сияқты балалардың жобалық жұмысының негізгі бағыттарына және жұмыстың мазмұнды компоненттеріне екпінге балалармен тәрбиелік жұмыспен бейімделген жан-жақты сипатқа ие. Біздің ойымызша, осыған «**Жас Ұлан**» Республикалық бірегей балалар және жастар ұйымдарының бағдарламалық құжаттары сәйкес болып табылады.

**«ЖАС ҰЛАН» бағдарламасы** ұйымға кіруге тілек білдіретін балаларға, сонымен қатар, үлкендерге, тәлімгерлер мен балалар қозғалысының үйлестірушілеріне бағытталған (ред. Е.А. Дмитриенко).

### **«ЖАС ҰЛАН» бағдарламасы**

Қымбатты дос!

Сен – егеменді Қазақстанның жас азаматысың!

Тарихқа, бай мәдениетке, ежелгі қазақ жерінің керемет дәстүрлеріне, Қазақстан халқының ынтымағы зор отбасының адамгершілік-рухына ортақ болу үлкен бақыт!

Тарихқа ортақ болу үлкен бақыт, отбасын, достарыңды, үлкендерді өзіңнің жетістіктеріңмен, табыстарыңмен қуанту, Отанға пайдалу болу қарапайым, әрі жауапты!

Бастысы күн сайын қоршаған ортада жаңалық ашуға ұмтылу қажет, ортаны тануға және бітпейтін құпияларға таңғалуға, өзіңнің қабілеттеріңді барынша жақсы істерге және әдемі істерге жұмсауға, жақсыға ұмтылуға, өзінді дамытуға, шығармашылық қабілетті ашуға, дені сау және төзімді, білуге құмар болуға, ұқыпты және мейірбан болуға жұмсау қажет!

Ақылды, дені сау, бастамашыл және шығармашыл болып, қоғамдық өмірге белсене атсалысу және Отан, Жақсылық және Әділеттілік игілігі үшін атсалысу құқын саған «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясымен берілген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген.

Қазақстанның балалары еліміздің Президенті Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлының тапсырмасы бойынша сүйікті Отанының қоғамдық өміріне табысты атсалысуы үшін «Жас Ұлан» республикалық бірінғай балалар – жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігі құрылды.

«Жас Ұлан» - адамзаттың ең таңдаулы мұраттарына сенімді, өз халқының және отбасының, достықтың, адалдықтың, жақсылықтың және әділеттіліктің дәртүрлеріне өз Отанына пайдалу болу үшін басты мақсатқа ұмтылған, Қазақстан Республикасының жас азаматтарының ерікті қауымдастығы.



Егер сен ересек және лайықты өмір жолында биік мақсаттарға, табысқа, мойындауға және қиындықтардан қорықпауға тырыссаң – нағыз жас ұландық бол, Отанның адал ұлы немесе қызы, өз отбасының, әулетінің, достарының, ұстаздарының, барлық отандастарының мақтанышы болуға!

Бұл «Жас Ұлан» ұйымының әр мүшесінің жоғары адамгершілік парызы!

- Отан алдындағы парызы!
- Жақындары мен туыстарының алдындағы парызы!
- Өзінің алдындағы парызы!

Сенің інілерің мен қарындастарың (сіңлілерің) кіші мектеп жасындағы балаларға арналған (6-10 жас) «Жас Қыран» арнайы қоғамдық бірлестіктері құрылады, мұнда жасұландықтар белсенді және қызықты жұмыстар жүргізеді, кішілерге көмектесіп олардың бұл кезеңдегі мүмкіндіктерін ашуға және оларды «Жас Ұланға» мүше болуға дайындауға көмектеседі. Нағыз жасұландық болу үшін саған Қазақстанның дамуы мен құрылуы тарихындағы көп жылғы тарихында балалар қоғамдық қозғалысында балалардың бастамаларымен туындаған «Жас Ұлан» ұйымы қызметінің Бағдарламасы мен көптеген әлеуметтік маңызды жобалар көмектеседі. Сенің қоршаған ортаны жақсартуға арналған қоғамдық-пайдалы бастаманы немесе өзіңнің жаңа жобаларыңды ұсыну мүмкіндігің бар!

Жақсы жасұландық болу үшін ұйымның тарихын, оның дәртүрлерін және ішкі корпоративтік мәдениетін білу қажет.

**Ұраны: «Біздің барлық ойымыз, біліміміз, ісіміз – Отан, Жақсылық және Әділеттілік үшін!».**

Бұл ұран – тәуелсіздік пен егемендіктің басында туған, 20 жыл бойы құрметпен және мақтанышпен алып келе жатқан, әрдайым, әрқашан және барлық жерде өмірдің басты бағдары ретінде ұстап келе жатқан Қазақстанның балалар қозғалысының ұраны!

Сәлемдесу белгісі: оң қолының алақанын жүрекке ұстап басты ию (ежелгі қазақ дәртүрлерін құрметтеу және тұту мақсатында).

Үздік белгісі:

- «Жас Қыран» кеуде белгісі ұйымның кіші мүшелеріне;
- «Жас Ұлан» кеуде белгісі ұйымның мүшелеріне;
- «Жас Ұлан» галстугі көгілдір түсті, ҚР Мемлекеттік Туының бөлігі іспеттес;
- Ұйымның көшбасшылары үшін бекітілген шеvronдар;
- 3-ші дәрежелі «Ұлан басы» кеуде белгісі (қола белгі) ұйымның ерекше көзге түскен көшбасшылары үшін;
- 2-ші дәрежелі кеуде белгісі (күміс белгі) ерекше көзге түскен жасұландықтар үшін, аудандық, облыстық немесе аймақтық көлемдегі ұйымдардың көшбасшылары үшін;
- 1-ші дәрежелі кеуде белгісі (алтын белгі) еліміздің балалар қозғалысын дамытуға зор үлес қосқан балалар бірлестіктерінің көшбасшылары, тәлімгерлер, мұғалімдерге арналған.

### **Қалайша «жасұландық» болуға болады:**

Орта білім беру ұйымының қоғамның дамуына үлесін қосуға тілек білдірген, ұйымның ережесін қабылдаған, оны құрметтейтін және оның талаптарына сәйкес әрекет ететін кез-келген оқушысы, ұл немесе қыз, бозбала немесе бойжеткен «жасұландық» бола алады.

Ұйым екі буыннан тұрады:

- кіші буын «Жас Қыран» 6-10 жастағы балалар;
- ересек буын «Жас Ұлан» 11-16 жастағы балалар;

### **«Жасұландық» болу үшін қажет:**

- ұйымға кіру туралы «Жас Ұлан» ұйымына ұлының немесе қызының кіруіне ата-анасының келісімімен бекітілген өз қолымен анық жазылған өтінішті толтыру қажет;

- «жасұландықтың» салтанатты антын айтады;
- «Жас Ұлан» ұйымының мақсаттары, міндеттерін, рәміздерін білу;
- «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің тәртіп ережелерін, ұйымның ұранын, Салтанатты ант берудегі өз әрекеттері мен істерінің түсіну.

### **Салтанатты ант:**

Біз «Жас Ұлан» ұйымына кіре отырып Қазақстан Республикасының патриоты болуға.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, дәріптеуге.

Туған еліміз, жеріміз, Отанымызды мақтаныш етуге уәде береміз.

Ата –анамызды қадірлеп.

Үлкенге –құрмет, кішіге –ізет көрсетеміз.

Оқуда озат, еңбекте адал болып.

Салауатты өмір салтын ұстанамыз.

Тәуелсіз еліміздің білімді, жігерлі, парасатты, отансүйгіш азаматы боламыз деп сендіреміз!

### **«Жас Ұлан» қызметінің басты бағыттары**

**1. «Зерде»** - оқушыларды қалыптастыру мен дамыту құзыреттілігін,

танымдылық және шығармашылық қабілеттерін, мәселелерді шеше білуге, балаларды танымдылық ойындарға, жарыссөздерге, олимпиадаларға, конференцияларға, жобаларға және зерттеулерге қатысуға тартуды қалыптастырады. Жасұландық әрдайым өзінің танымдылық белсенділігін, интеллект, ақыл еңбегінің мәдениетін, тұлғалық потенциалы, әртүрлі шығармашылық бастамаларын дамытады және өзінің қоршаған ортаны жақсартудағы шығармашылық қабілетін көрсетуге жауапты.

**2. «Руханият»-** ұйымның мүшелерінің адами, моральдық-этикалық,

көркемдік-эстетикалық өмірсүрушілік негізін қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік туғызады, өз отбасының, балалар қауымдастығының, өзінің және басқа халықтардың мәдени мұраларын игеруге және көбейтуге, әлеуметтік бағдар мен рухани-адамгершілік негізінде өз бетінше әрекет

етуге, басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарын түсінушілік.

Жасұландық өз өзіне адал және шын болуы қажет, жалпы адамзаттық өнеге нормаларына сәйкес әрекет етуге тырысу, үлкендерді сыйлау, кішіге қамқор болу, жақындары мен достарының пікірлерін құрметтеуге тиісті.

**3. «Отан»** - ұйым мүшелеріне қазақстандық сана –сезімді және мәдени

сәйкестілік, азаматтық жауапкершілікті, толеранттылықты, отансүйгіштікті, өз халқын мақтан тұтуға, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілге құрмет сезімін, Отан, жақсылық және әділеттілік игілігі үшін өзін барынша жүзеге асыруға ұмтылуды қалыптастырады. Жасұландық Отанын сүйі қажет, мемлекеттік рәміздерді құрметтеп, мемлекеттің, туған өлкесінің тарихын білуі, туған елінің құрметті азаматтары мен батырларының ерліктерін білуі тиіс, белсенді туристік, іздеу-экспедициялық және өлкетану жұмыстарын жүргізуге, өз елін шетелде лайықты көрсете білу.

**4. «Жеті жарғы»** Қазақстанның жас азаматтарының құқықтық мәдениетін қалыптастырады, тұлғалық, әлеуметтік, құқықтық құзырлық, саяси сауаттылық, «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясын білу, өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін, заң алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Жасұландық Қазақстан Республикасының лайықты азаматы болуы тиісті, ҚР Конституциясын, қолданыстағы заңнамаларды құрметтеуге және сақтауға, жасұландықтың салтанатты антын беруге, мінез-құлықтың көпке танылған ережелері мен нормаларын ұстауға, борыш, намыс және ар-ождан бойынша өмір сүруге тиісті.

**5. «Салауат»** - ұйымның мүшелері мен айналадағы әлеуметтің салауатты өмір салтын қалыптастырады, бұқаралық дене тәрбиесі мен спортты дамытуға, денсаулық сақтаудың түрлі бастамалары арқылы, спорттық, туристік, іздеу-экспедициясы және өлкетану бағдарламаларын ұйымдастырады. Жасұландық салауатты өмір салтын жүргізеді және насихаттайды, өзінің денсаулығына қамқорлық жасайды, жақсы физикалық форманы қолдайды, әртүрлі спорттық-бұқаралық шараларға қатысады.

**6. «Еңбек»** ұйымның мүшелеріне ерте жастан кәсіби бағдар береді, мамандық таңдауға жағдай жасайды, құзыреттілігін дамытуға, клубтар құру арқылы функционалдық сауаттылықты дамытады. Жасұландық еңбекті және еңбек адамын құрметтейді, бағалайды, өзі еңбекқор, үй шаруашылығында отбасына қолқабыс етеді, қолөнермен шұғылданады, құрастырмалар жасайды, мамандық таңдауға жауапкершілікпен қарайды, еңбек және кәсіби акцияларға атсалысады, балалар мен жастардың техникалық, ауылшаруашылық, шығармашылық көрмелеріне қатысады, отбасының, өз ауылының, қала, облыс, ұйымның, елінің еңбек дәстүрлерін көбейтеді.

7. «Экоәлем» - балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырады,

қоршаған ортаға қайырымдылықпен қарауға, табиғатты аялауға, табиғат байлығын тиімді пайдалануды қалыптастырады. Жасұландық табиғатпен үйлесімді өмір сүреді, табиғатты сүйеді және аялайды, қорғайды, табиғи қорларды тиімді пайдаланады.

*Жас дос! Сен өз жолыңды таңдадың! Нағыз жасұландық бол: мақсатты, өз сөзіңе, өз ісіңе жауапты бол, өзіңнің ежелгі қазақ жерінің адал тілегі, Қазақстанның барша халқының достығына және толеранттылығына, бар Әлемге, біздің ұлы Отанымызға, Жақсылық пен Әділеттіліктің мұраты!*

*Іске сәт, Жас Ұлан!*

### Қосымша 3

#### Қазақстан Республикасының замануи балалар қоғамдық ұйымдар жұмыстарының мазмұны, түрлері және әдіс-тәсілдері

Балалар қоғамдық ұйымдарының және оның құрылымдық компоненттерінің (бөлімшелері, топтары, клубтары т.б.) жұмыстарының мазмұны, түрлері және әдіс-тәсілдері Жарғы негізінде, бағдарламалық және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес анықталады.

Бүгінгі күнде балалар әлеуметтік-маңызды жобалары өзіндік мазмұнның, түрлері мен әдіс-тәсілдердің бірлесуін көрсететін ең танымал, кең таралған жұмыстар түрлері болып табылады. Әдетте, бұл жобаларды балалардың өздері немесе мемлекеттік әлеуметтік сұраныс аясында ұсынылады. Бірақ, қандай жағдайда да балалар немесе үлкендердің қолдауы мен көмегімен ұйым мүшелері өздері орындайды.

Балалар әлеуметтік маңызды жобалар әртүрлі болады. Ұйымның дәстүрлі жобалары немесе балалардың, олардың жолдастары, аға тәлімгерлер, координаторлар, демеушілер т.б. ұсынылған жобалар болуы мүмкін.

Мысалы, «Жұлдыз» ҚБ ҚБҰО-нда және ашық қоғамға дәстүрге айналған көшбасшылар слеты, «Дети XXI века» саммиты, зияткерлік марафон «Школьная Одиссея», оқушылардың Кіші Ғылым Академиясы, жас тілшілер форумдары – Медиафестиваль «Под счастливой звездой», «Жас Медиа KZ», «Жас заңгер», «Миру нужен Я! Мне нужна семья», «жастар Агрофорумы», «Сенің стилің», «Жұлдыз достарын шақырады», «Экомир», «Жас Өнер» жобалары т.б.

Республикалық және аймақтық сайыстар түрінде өткізілетін ірі көлемді жобалар «Жас Ұлан» РББЖҰ үшін танымал және сұранысты жобалар түріне айналды. Мысалы, «Жаңа леп» республикалық балалар әндері конкурсы, «Жас Ұлан» КВН юниор-лигасы, «Өркен» экологиялық жобасы т.б.

«Атамекен» балалар және жасөспірімдер ұйымы «Атамекен бағдарламасы» бойынша өткізілетін түрлі жобалармен жұмыс жасайды.

Әр жобаны өткізуде оның Концепция немесе Ереже жобалары құрастырылады, яғни ұйымдастыру кезеңдерін реттейтін нормативтік құжат (жауапты ұйымдастырушылар, координаторлар мен орындаушылар, мақсаты мен міндеттері, өткізу орны, жоспары мен регламенті, жобада қатысу шарты, нәтижелер қорытындысы және мадақтау шаралары).

Бағдарламалардың жобасы мүдделі (базалық) ұйымдармен келісіледі және бірінші басшыларының қолы мен мөрімен бекітіледі.

Жобаның (Концепция, Ереже) нормативтік құжатына техника, өмір мен денсаулық қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар, оның финалының қорытындылары мен мадақтау нәтижелері көрсетілген бұйрықтар қоса беріледі.

Балалар қоғамдық ұйымдардың іс-әрекеті, сонымен қатар жобалар бойынша атқарылатын жұмыстар позитивті, жан-жақты әсіресе қызыл ақпараттық қолдау көрсететін болу керек.

Әр балалар қоғамдық ұйымдардың нышандары, мадақтау, марапатау жүйесі және ұйым мүшелері мен барлық тұлғаларға қолжетімді міндетті ақпараттық ресурстары, сонымен қатар Интернет-порталдары болуы тиіс.

Балалар ұйымының ұйымдастырушысының басты міндеттері.

1. Ұйымдастырушылық:

- өз міндеттерін нақты түсіну, міндеттер ішіндегі басты міндетін ажырата алу, оларды шешу үшін ресурстарын, тәсілдерін, қажетті алғышарттары мен шарттарын анықтау;

- міндеттерінің болжалды мазмұнын, ұйымдастыру тәсілдерінің соңғы мен аралық нәтижесін ойластыру;

- балаларды жұмыстың болжамын анықтауға, әрекетке жұмылдыру,

- тәсілдер таңдау мен мақсатқа жету шарттарын жасау;

- кез-келген әрекетке балалардың ерікті қатысуын ұйымдастыру;

- ұжымдық-шығармашылық, әлеуметтік маңызды әрекетін ұйымдастыру негіздерін игеру;

- балалар бастамалары мен өздері әрекеттенуін, балалар өзін-өзі басқару әрекетін дамыту;

2.Тәрбиелік міндеті іске асыруда балалар қозғалысын ұйымдастырушы білуге міндетті:

- ұйымның ортақ мақсаттары мен міндеттеріне сай жағдайды құзыретті және сауатты талдауға;

- қолданылып жатқан әрекеттің тәрбиелік салдарын болжауға;

- ұйымның әр мүшесінің қабілеттерін ашуға мүмкіндік туғызуға;

- балаларды өмірлік жағдайларда дайындауға және оларды шешуде құндылықтарды таңдау жасауға үйрету;

- балалардың қоғамдық және өзіндік маңызы бар істерде қатысуына жағдай жасауға;

- бала мүдделерін қорғау басымдылығы бар ересектер мен балалардың ынтымақтастығын қамтамасыз етуге.

- өзара түсінушілік, сенімдік, ізгіниетшілдік ахуалын жасауға, қарым-қатынасты реттеуге;

3. Өкілеттілік міндетте қарастырылады :

- мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарымен конструктивті ынтымақтастық ұйымдастыруды;

- мектепте, отбасында, социумда бала мен мүддесін қорғайды;

- заң және атқарушы биліктер органдарымен өзара қатысу арқылы балаларды ізденуге, алға басуға, мәселелерін шешуге қатыстыру;

Тәлімгер (М.М.Катаев атындағы Оқушылар Сарайы жұмысының тәжірибиесінен, Павлодар облысы)

#### **Лауазымдық міндеттері:**

- балалар қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің қызметінің дамуына ықпал жасайды.

- балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің бағдарламаларын жасауға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен түрлерін жаңартуға ықпал етеді.

- Балалар мен жеткіншектердің бастамасын, жас ерекшеліктеріне сәйкес қызығушылықтарымен қажеттілігін ескере отырып, жұмысын жоспарлайды.

- ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады. Балалар мен жасөспірімдерді жұмыс істеп жатқан ұйымдар, бірлестіктер туралы кең көлемде ақпараттандыруға жағдай жасайды.

- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын арттырады, өздерінің қызығушылықтары мен қажеттілігін іске асыру үшін қажетті жағдай жасайды.

- білім беру ұйымдарында жалпы мәдени-бұқаралық, патриоттық жұмыстар жүргізеді, сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын ұйымдастыру, балалардың танымдық демалысын олардың бос уақыттарын қызықты да пайдалы өткізуге ұйымдастыруға ықпал етеді.

- балалардың ұйымдары мен бірлестіктері алғашқы ұжымдарының басшыларын (ұйымдастырушыны) дайындау және іріктеу бойынша жұмыстар жүргізеді.

- білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымының өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, оқушылардың ата-аналарымен немесе оларды ауыстырушылармен тығыз байланыста жұмыс істейді.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", және басқа білім беру мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілерді; педагогиканың, психологияның теориясын; жас ерекшелік физиологияны, мектеп гигиенасын, тәрбие беру жұмысының әдістемесін, педагогика ғылымының даму бағыттары; еңбек туралы заңнамаларының негізін; санитарлық ережелер мен нормаларды.

#### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

- **біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз маман:** жоғары педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары білім және балалар мен жеткіншектермен жұмыс істеу қызметіндегі еңбек өтілі 2 жылдан кем емес;

- **біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз аға маман:** педагогика мамандығы- на сәйкес арнайы орта кәсіптік білімі бар, еңбек өтілісіз немесе кәсіптік білімі (арнайы орта, кәсіптік орта) бар, вожатый мамандығы бойынша қызметтегі еңбек өтілі 1 жылдан кем емес.;

- **біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз маман:** педагогика мамандығына сәйкес арнайы орта кәсіптік білімі бар, еңбек өтілісіз немесе кәсіптік білімі (арнайы орта, кәсіптік орта)бар, вожатый мамандығы бойынша қызметтегі еңбек өтілі 2 жылдан кем емес.

**Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:**біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз вожатыйға қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру бойынша ұсынымдамаларына әзірлей білуі тиіс.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары педагогикалық білімі, вожатый мамандығы бойынша қызметтегі еңбек өтілі 2 жылдан кем емес немесе жоғары білімі, вожатый мамандығы бойынша қызметтегі еңбек өтілі 3 жылдан кем емес.

**Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:** біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты вожатыйға қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ұйымдастыру-әдістемелік қызметінің талдау әдістемелерін білуі, өз жұмысында алдыңғы қатарлы педагогикалық озық өткізілетін іс-тәжірбие жұмыстарын пайдалануы тиіс.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** тиісті мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім (арнаулы орта, кәсіптік орта) жәневожатый лауазымындағы еңбек өтілі 5 жылдан кем емес.

Ескерту: жалпы орта немесе бастауыш кәсіптік білімі бар вожатый лауазымы орта кәсіптік білімі санатсыз лауазымнан бір санатқа төмен жатады.

БҚҰ әрекетінің ұйымдастырушыға жататын вожажастый тұлғасының қасиеттері:

- құзыреттілік –ұйымдастыратын істің талаптарын білу;
- белсенділік – практикалық міндеттерді шешуде албыртық пен жігерлік таныту;
- бастамашылық – ерекше шығармашылық белесенділік таныту, идеялар мен ұсыныстар беру;
- жақсы қарым-қатынас жасай білушілік – басқалармен жақсы қарым-қатынас жасай білу, адамдармен сөйлесу қажеттілігінің болуы;
- Зеректік – істің мән-жайын жету қабілеті, себептері мен салдарын түсіну, басты мәселесін анықтау;
- қайсарлық – сенім күшін, өжеттік таныта білу, бастаған істі соңына дейін аяқтауын көрсете білу;

- өзін-өзі ұстау – күрделі жағдайда өзінің сезімдерін, өзін-өзі бақылауын білуі;
- еңбекке қабілеттілік – төзімділік, ұзақ уақыт жұмыс жасай алу қабілетін таныту;
- аңғарымпаздық – ерекшеліктерді бірден байқап қалу қабілеті, есте ұсақ дүниелерді сақтап қалу;
- Дербестік - шешу таңдауда тәуелді болмау, мәселені шешуде өздігімен шешу жолдарын тауып, жауапкершілік алу;
- Ұйымдастырушылық – қажетті жұмыс тәртібіне өзін бағындыру қабілеті, өз әрекетін жоспарлай алу, ізденімпаздық пен жинақылық таныту.

## Қосымша 4

### Балалар ұйымының ұйымдастырушысының басты міндеттері.

#### 2. Ұйымдастырушылық:

- өз міндеттерін нақты түсіну, міндеттер ішіндегі басты міндетін ажырата алу, оларды шешу үшін ресурстарын, тәсілдерін, қажетті алғышарттары мен шарттарын анықтау;
- міндеттерінің болжалды мазмұнын, ұйымдастыру тәсілдерінің соңғы мен аралық нәтижесін ойластыру;
- балаларды жұмыстың болжамын анықтауға, әрекетке жұмылдыру,
- тәсілдер таңдау мен мақсатқа жету шарттарын жасау;
- кез-келген әрекетке балалардың ерікті қатысуын ұйымдастыру;
- ұжымдық-шығармашылық, әлеуметтік маңызды әрекетін ұйымдастыру негіздерін игеру;
- балалар бастамалары мен өздері әрекеттенуін, балалар өзін-өзі басқару әрекетін дамыту;

2.Тәрбиелік міндеті іске асыруда балалар қозғалысын ұйымдастырушы білуге міндетті:

- ұйымның ортақ мақсаттары мен міндеттеріне сай жағдайды құзыретті және сауатты талдауға;
- қолданылып жатқан әрекеттің тәрбиелік салдарын болжауға;
- ұйымның әр мүшесінің қабілеттерін ашуға мүмкіндік туғызуға;
- балаларды өмірлік жағдайларда дайындауға және оларды шешуде құндылықтарды таңдау жасауға үйрету;
- балалардың қоғамдық және өзіндік маңызы бар істерде қатысуына жағдай жасауға;
- бала мүдделерін қорғау басымдылығы бар ересектер мен балалардың ынтымақтастығын қамтамасыз етуге.
- өзара түсінушілік, сенімдік, ізгіниетшілдік ахуалын жасауға, қарым-қатынасты реттеуге;

#### 3. Өкілеттілік міндетте қарастырылады :



- мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарымен конструктивті ынтымақтастық ұйымдастыруды;

- мектепте, отбасында, социумда бала мен мүддесін қорғайды;

- заң және атқарушы биліктер органдарымен өзара қатысу арқылы балаларды ізденуге, алға басуға, мәселелерін шешуге қатыстыру;

Тәлімгер (М.М.Катаев атындағы Оқушылар Сарайы жұмысының тәжірибиесінен, Павлодар облысы)

#### **Лауазымдық міндеттері:**

- балалар қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің қызметінің дамуына ықпал жасайды.

- балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің бағдарламаларын жасауға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен түрлерін жаңартуға ықпал етеді.

- Балалар мен жеткіншектердің бастамасын, жас ерекшеліктеріне сәйкес қызығушылықтарымен қажеттілігін ескере отырып, жұмысын жоспарлайды.

- ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады. Балалар мен жасөспірімдерді жұмыс істеп жатқан ұйымдар, бірлестіктер туралы кең көлемде ақпараттандыруға жағдай жасайды.

- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын арттырады, өздерінің қызығушылықтары мен қажеттілігін іске асыру үшін қажетті жағдай жасайды.

- білім беру ұйымдарында жалпы мәдени-бұқаралық, патриоттық жұмыстар жүргізеді, сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын ұйымдастыру, балалардың танымдық демалысын олардың бос уақыттарын қызықты да пайдалы өткізуге ұйымдастыруға ықпал етеді.

- балалардың ұйымдары мен бірлестіктері алғашқы ұжымдарының басшыларын (ұйымдастырушыны) дайындау және іріктеу бойынша жұмыстар жүргізеді.

- Білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымының өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, оқушылардың ата-аналарымен немесе оларды ауыстырушылармен тығыз байланыста жұмыс істейді.

**Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", және басқа білім беру мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілерді; педагогиканың, психологияның теориясын; жас ерекшелік физиологияны, мектеп гигиенасын, тәрбие беру жұмысының әдістемесін, педагогика ғылымының даму бағыттары; еңбек туралы заңнамаларының негізін; санитарлық ережелер мен нормаларды.

#### **- Біліктілікке қойылатын талаптар:**

- **біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз маман:** жоғары педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары білім және балалар мен жеткіншектермен жұмыс істеу қызметіндегі еңбек өтілі 2 жылдан кем емес.

- **біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз аға маман:** педагогика мамандығына сәйкес арнайы орта кәсіптік білімі бар, еңбек өтілісіз немесе

кәсіптік білімі (арнайы орта, кәсіптік орта)бар, вожатый мамандығы бойынша қызметтегі еңбек өтілі 1 жылдан кем емес

- **біліктілігі орта деңгейдегі санатсыз маман:** педагогика мамандығына сәйкес арнайы орта кәсіптік білімі бар, еңбек өтілісіз немесе кәсіптік білімі (арнайы орта, кәсіптік орта)бар, вожатый мамандығы бойынша қызметтегі еңбек өтілі 2 жылдан кем емес.

**Тиісті санатты алу үшін міндеттерді анықтау арқылы біліктілікке қойылатын талаптар:**

**Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты маман:** біліктілігі жоғары деңгейдегі санатсыз вожатыйға қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру бойынша ұсынымдамаларына әзірлей білуі тиіс.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары педагогикалық білімі, вожатый мамандығы бойынша қызметтегі еңбек өтілі 2 жылдан кем емес немесе жоғары білімі, вожатый мамандығы бойынша қызметтегі еңбек өтілі 3 жылдан кем емес;

**Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты маман:** Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты вожатыйға қойылатын барлық талаптарға жауап беруі, сонымен қатар: ұйымдастыру-әдістемелік қызметінің талдау әдістемелерін білуі, өз жұмысында алдыңғы қатарлы педагогикалық озық өткізілетін іс-тәжірбие жұмыстарын пайдалануы тиіс.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:** тиісті мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім (арнаулы орта, кәсіптік орта) және вожатый лауазымындағы еңбек өтілі 5 жылдан кем емес.

Ескерту: жалпы орта немесе бастауыш кәсіптік білімі бар вожатый лауазымы орта кәсіптік білімі санатсыз лауазымнан бір санатқа төмен жатады.

БҚҰ әрекетінің ұйымдастырушыға жататын вожажастый тұлғасының қасиеттері:

- құзыреттілік – ұйымдастыратын істің талаптарын білу;
- белсенділік – практикалық міндеттерді шешуде албыртық пен жігерлік таныту;
- бастамашылық – ерекше шығармашылық белсенділік таныту, идеялар мен ұсыныстар беру;
- жақсы қарым-қатынас жасай білушілік – басқалармен жақсы қарым-қатынас жасай білу, адамдармен сөйлесу қажеттілігінің болуы;
- зеректік – істің мән-жайын жету қабілеті, себептері мен салдарын түсіну, басты мәселесін анықтау;
- қайсарлық – сенім күшін, өжеттік таныта білу, бастаған істі соңына дейін аяқтауын көрсете білу;
- өзін-өзі ұстау – күрделі жағдайда өзінің сезімдерін, өзін-өзі бақылауын білуі;
- еңбекке қабілеттілік – төзімділік, ұзақ уақыт жұмыс жасай алу қабілетін таныту;

- аңғарымпаздық – ерекшеліктерді бірден байқап қалу қабілеті, есте ұсақ дүниелерді сақтап қалу;

Дербестік - шешу таңдауда тәуелді болмау, мәселені шешуде өздігімен шешу жолдарын тауып, жауапкершілік алу;

Ұйымдастырушылық – қажетті жұмыс тәртібіне өзін бағындыру қабілеті, өз әрекетін жоспарлай алу, ізденімпаздық пен жинақылық таныту;

## Қосымша 5

### Балалар қоғамдық ұйымының төлқұжаты

Балалар қоғамдық ұйымының толық атауы	
Қоғамдық ұйымның құрылған күні	айы: _____ жылы: _____
Мекен-жайы, орналасқан орны (почталық индексі)	Қала\аудан _____ Көше _____ үй _____ Индекс _____
Контактілі деректер	Телефон _____ факс _____ Электронды почтасы _____
Балалар ұйымының саны	
Ұйымның миссиясы	
Ұйымның ұраны	
БҚҰ жұмыс бағдарламасы	
Қызметтің негізгі бағыттары (жобаның қысқаша мінездемесі)	

БҚҰ-ның қысқаша мінездемесі

1. БҚҰ-ның құрамындағы балалардың, ересектердің жас ерекшеліктері:

_____ жас	_____ адам
_____ жас	_____ адам
_____ жас	_____ адам

ДОО құрамының көсемдері (ақыл-кеңестері):

№	Аты-жөні	Бағыты (қызметі)	Туған жылы	Сыныбы	Ата-анасының аты-жөні	Ата-анасының жұмыс орны	Мекен-жайы телефоны
1							

## **БҚҰ активтерінің әлеуметтік төлқұжаты**

Әрбір баланың қоғамдық ортадағы рөлін, міндетін, әлеуметтік статусын анықтау үшін ең алымен әр баланың мәртебесін, оның темпераментін, ақпараттық арнасын білу қажет. Оқушыларды бақылау үшін әдістемені басшылыққа ала отырып әлеуметтік төлқұжат құрастырыңыз. Сіз осы ақпаратты өзіңіз немесе сынып жетекшісі мен мектеп психологының көмегімен жинай аласыз (Қосымша 2).

№	Аты-жөні, туған жылы	Отбасы құрамы				Темперамент				Бағыты			Байымның арнасы		Денсаулық жағдайы					
		Толық	Толық емес	Жетім балалар	Көпбалалылар	Қолайсыз	БЖУ	НЖУ	Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик	Өзіне	Өз әріптестеріне	Визуал	Аудиал	Кинестет	Сользмалы ауру түрі	Бостылған уақыты	Мүгедектік
1																				

## **Қосымша 6**

### **Жағдай (мысалы)**

#### **Балалар қоғамдық бірлестігін ұйымдастырушылары мен координаторларының пікірінше**

Ұйымдастырушылар мен координаторлардың пікірінше балалар қоғамдық бірлестігі жергілікті жастардың бөлімшелері мен атқарылған қызмет органдары негізінде құрылады. Оның құрамында: барлық білім беру мекемелеріндегі балалармен жұмыс жасауды ұйымдастырушылар, білім беру органдарындағы басқарма өкілдері, мәдениет, денсаулық сақтау және ішкі істер, аудандық жастармен жұмыс жасау бөлімдері, қосымша білім беру мекемелері, ғылыми қызметкерлер (педагог, социолог, психолог), жастар өкілдері мен әлеуметтік НПО.

### **1. Пікірдің мақсаты мен міндеттері**

Пікір бірлестіктің тәжірибелік жұмыс түрлерінің көбеюі негізінде құрылады. Аймақтық ғалымдар мен ортадағы өкіметті атқарушы өкілдері балалар мен қоғамдық жұмыс түрлерін одан әрі дамытуды қолға алу қажет.

Негізгі міндеттері:

- балаларды қорғау құқығы және балалардың заңды қызығушылығы, мемлекеттің және қоғамның өміріне толық қанды қатысуы, балалардың әлеуметтік сүйеніштері мен жоба бастамаларына қолдау жасау;
- құқықты сақтауды қадағалау, балалардың қоғамдық қозғалыстың қызметін реттеу;
- балалар қоғамдық бірлестігі арасындағы мәмлемен байланыстар;
- тәжірибе және жаңа идеялы көзқарастармен алмасу;
- әрбір балалар қоғамдық бірлестігі мен мекемелері арасындағы әлеуметтік қажеттіліктің байқалуы;
- балалар қоғамдық бірлестігі және ұйымдарда балалар бағдарламасын жүзеге асыруды қолдау, сонымен қатар бірлескен ұжымдық шығармашылық қызметтің бағдарламаларының жүзеге асыруы;
- ресей елінің және шет елдердің балалар қоғамдық бірлестіктерімен байланысты және ынтымақтастықты дамыту;
- білім беру органдары негізінде балалар қоғамдық бірлестіктеріне қаржылай көмек, жастар комитеті, демеуші ұйымдар қолдау жасау;
- балалар қоғамдық бірлестігін тіршілік әрекетінің әдістемелік құралдарымен қамтамасыздандыру, әдістемелік өнімдердің шығарылуы, балалардың қоғамдық жұмысының қозғалысы, балаларға ықпал етуші бағдарламалар, қызықты тәжірибелер;
- балалар қозғалысын ұйымдастырушы, балалар қоғамдық бірлестігін құрушы көсемдердің оқуы.

## **2. Ұйымдық қызметінің ақыл- ұстанымдары**

Балалар қоғамдық бірлестіктің ұйымдастырушылары және координаторы баста қоғамдық түптерде жұмыс істейді. Аймақтық жастар жұмысын ұйымдастырушы ақыл-кеңестің ортақ басшылығы жағдайды қарастырады. Ақыл-кеңес отырысы екі айда бір өткізіледі. Ақыл-кеңес ерікті мақсатпен құрылады. Кеңесті төраға басқарады.

### **Балалар қоғамдық қозғалысын ұйымдастырушыларға көмекке арналған әдебиеттер:**

1. Абраменкова В.В. Социальная психология детства: развитие отношений ребенка в детской субкультуре. М., 2000.
2. Алиева Л.В. Детское движение – субъект воспитания. Монография. М., 2002.
3. Детское движение. Словарь-справочник /Ред. Сост. Т.В. Трухачева. Минск., 1998.
4. Дмитриенко Е.А. Феномен детского общественного движения как социально-педагогическая проблема //Психология и педагогика социального воспитания: Материалы научно-практической конференции, посвященной 70-летию со дня рождения А.Н.Лутошкина. – Кострома: КГУ им Н.А.Некрасова, 2005. – С. 86-89.
5. Дмитриенко Е.А. Ценностно-диагностическая типология детских общественных формирований //Вестник Костромского государственного

университета имени Н.А.Некрасова. Серия: Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокинетика. – 2006. – Т.12 - №1. С. 80-85.

6. Дмитриенко Е.А. Структурные компоненты воспитательного потенциала детских общественных организаций //Вестник Костромского государственного университета имени Н.А.Некрасова. Серия: Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокинетика. – 2012. – Т.18 - №1: ч.2.- С. 203-207.

7. Изучение личности подростка – члена самодеятельного объединения. Сборник диагностических методик /Авт-сост. Абросимова Г.Н., Алиева Л.В. и др. М., 1993.

8. Сборник документов Всемирной организации скаутского движения. Женева, 1993.